

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ТОРҒАЙ АЙМАҒЫНЫҢ ДАМУЫ ҮКІМЕТТІҢ АЙРЫҚША НАЗАРЫНДА

3-бет



Азат ПЕРУАШЕВ:

БІР ПАЛАТАЛЫ ПАРЛАМЕНТКЕ КӨШУ – ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ДАМУҒА ЖОЛ АШАДЫ

4-бет



АЖЫРАМАС ҚОС ТҰЛҒА: АХАҢ мен ЖАҚАҢ!

16-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ

QAZAQ ÚNI

25 ЖЫЛ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni@mail.ru || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №36-37 (1165-1166) 15.09 - 22.09.2025




## ӨЛДІ ДЕУГЕ СЫЙМАЙДЫ

Ардақты әріптесіміз, «ҚР ақпарат саласының үздігі», «Қазақстанның құрметті журналисі», республикалық «Қазақ үні» газеті бас редакторының бірінші орынбасары Зейнолла Абажанның дүниеден озғанына да арада бір жыл өте шығыпты.

Қашан да жүрдек қаламын қару етіп, шындық пен әділдіктің сөзін сөйлеген қайраткер журналист өз пікірін ашық айтып, таразылай білген ардагер азамат-ты.

8-9 бет

# БІРЕГЕЙ МЕМЛЕКЕТТЕ

## БІР ПАЛАТАЛЫ ПАРЛАМЕНТ БОЛУЫ КЕРЕК!

## СЕНАТ САНАТТАН КЕТЕДІ!..



3 бет

Бұл реформа азаматтық секторда, сарапшылар ортасында, сондай-ақ, әрине, қазіргі Парламентте жан-жақты талқылануы қажет.

...Содан кейін, яғни, 2027 жылы жалпыұлттық референдум өткізуге болар еді. Содан соң Конституцияға тиісті өзгеріс енгізе аламыз.

Мен мемлекеттің тағдырын айқындайтын барлық мәселе халықтың келісімімен ғана шешіледі деп бұған дейін бірнеше рет айттым.

Егер бір палаталы Парламент құру қажет деген ортақ шешімге келсек, ондай Парламентті тек қана партиялық тізім бойынша сайлаған жөн деп санаймын» – деп қорытты мемлекет басшысы.

Президенттің саяси реформасы осылай жақсы жалғасатын болады. Депутаттар бұл бір парламенттік палата құру бастамасын қызу қолдады. Өте дұрыс бастама!



## ТОҚАЕВТЫҢ БҰҰ-ны РЕФОРМАЛАУ ҰСЫНЫСЫН БҰҰ БАСШЫСЫНЫҢ ҚОЛДАУЫ – ӘЛЕМДІК СЕНСАЦИЯ!!!

Иә, әлеуметтік желілерде елімізге осындай баға берген жазбалар көптеп жүр. Астанада өтіп жатқан Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VIII съезінде ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Біріккен Ұлттар Ұйымын, Қауіпсіздік кеңесін реформалау туралы ұсынысын Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Антониу Гутеріштің қолдауы зор маңызға ие болуда!

3 бет



## «АЛАШТЫҢ АТЫН АЙТҚЫЗБАЙМЫН»

### ДЕГЕН ШЕКЕСІ ТАР ШЕНЕУНІКТЕР ҚАЗІР ҚАЙДА ЕКЕН?!.

6-7 бет

## НЕСТАБИЛЬНОСТЬ, ВОЙНЫ И ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ

Этот год насыщен на события эскалации как внутри стран, так и между странами. Если Сербия вроде смогла предотвратить смену власти, а в Непале совсем все плохо – действующая власть ушла полностью, а за страну пока отвечает армия.

13 бет



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

# АРҚАЛЫҚҚА БИЫЛ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ БАРАМЫН, ТОРҒАЙ ӨҢІРІНЕ КӨҢІЛ АУДАРУ КЕРЕК

**Биылғы егін жинау науқанына байланысты Ақмола облысына барған сапарында ресми жиында ҚР Президенті Қ.Тоқаев Арқалық аймағына баратынын мәлімдеді: «Амандық болса, биыл Қостанай облысына міндетті түрде барамын. Жоспарымда бар.**



Жолдауымда Қостанай облысын арнайы атап өттім, Торғай жеріне баса назар аудару керек деп айттым.

Арқалыққа биыл міндетті түрде барамын. Кезінде уәде бердім, оны орындайтын кезең келді.

Торғай өңіріне көңіл аудару керек», – деді мемлекет басшысы.

Өте дұрыс! Ел күткен сөз! ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың Алаш көсемдері Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының, тұңғыш қазақ ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің елі Арқалық аймағына баруы, Торғай өңіріне көңіл аударуы 34 жыл бойы мемлекет басшысы барып көрмеген өңірге, екі рет ашылып, жабылған облысқа, көптен күтіп жүрген халыққа рухани серпін беріп, экономикалық-әлеуметтік жағдайдың жақсаруына ықпал етеді. Ақ жол!



# БІР ӘУЛЕТТІҢ ҮШ ҰЛЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

**Қазақ спорты үшін тарихи оқиға! Болгарияның Албена қаласында армрестлингтен өтіп жатқан Әлем чемпионатында «Шардара Армспорт» құрамасының спортшылары, бір әулеттің үш ұлы қатарынан Әлем чемпионы атанды.**

Бұл – Шардара ауданы ғана емес, тұтас еліміз үшін зор мақтаныш!

Чемпиондарымыз:

• Ибрагим Бекнұр – 14 жаста, жас жеткіншектер арасында 45 кг салмақ дәрежесінде Әлем чемпионы

• Ибрагим Азамат – 15 жаста, жас жеткіншектер арасында 50 кг салмақта Әлем чемпионы

• Ибрагим Әділет – 18 жаста, жасөспірімдер арасында 65 кг салмақта Әлем чемпионы

Осылайша, ел тарихында тұңғыш рет бір әулеттің үш баласы халықаралық деңгейдегі бір жарыста қатарынан чемпион атанып отыр. Бұл жетістік – отбасы тәрбиесінің, қажырлы еңбектің және «Шардара Армспорт» мектебінің жүйелі жұмысының нақты жемісі.

Редакция атынан жеңімпаздарды және олардың жаттықтырушыларын шын жүректен құттықтай отырып, болашақта да биік белестерді бағындыра берулеріне тілектестік білдіреміз!

# ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛДЫ

**Солтүстік Қазақстан облысында жыл басынан бері прокурорлар 3082 қызметкердің құқығын қорғады.**

Облыс прокуратурасының мәліметінше, Қызылжар ауданы мен Петропавл қаласында жұмыс берушілер 553 жұмысшыға жалпы сомасы 103,7 млн. теңге еңбекақы төлемей келген.

Есіл және Уәлиханов аудандарында білім беру мекемелерінің 282 қызметкері арнайы киімсіз жұмыс істеген. Олар халат, қолғап, отқа төзімді алжапқыш сияқты қажетті құрал-жабдықпен қамтамасыз етілмегені анықталды.

Прокурорлық қадағалаудан кейін жалақы қарызы толығымен өтелді, қызметкерлер арнайы киім алды, ал жауапты тұлғалар заңға сәйкес жауапқа тартылды.

Өңір прокурорлары жұмыс берушілерге еңбек заңнамасын қатаң сақтау қажеттігін ескертеді. Заң талаптарын бұзу жауапкершілікке әкеп соғады.

# ЗЕЙНЕТАҚЫ ЕСЕБІНЕН ТІС ЕМДЕУГЕ ШЕКТЕУ ҚОЙЫЛДЫ

**Зейнетақы жинақтарын тіс емдеуге пайдалану жиі теріс қолданылғандықтан, Денсаулық сақтау министрлігі бұл мүмкіндікті шектеді. Енді протездеу мен имплантация сияқты стоматологиялық қызметтерге біржолғы зейнетақы төлемін қолдануға рұқсат жоқ.**

Министрлік мұндай шешімді құжаттарды қолдан жасау және қаражатты мақсатсыз жұмсау жағдайлары көбейген соң қабылдады. Талдау нәтижесінде азаматтардың қаражаты кейбір клиникалардың пайдасына алаяқтық жолмен шығарылғаны анықталды. Отбасы банкінің дерегі бойынша, 2021 жылдан 2025 жылғы 20 тамызға дейін «стоматологиялық қызметтер» бағытымен 795 мыңнан астам транзакция жүргізілді. Бұл мақсатқа 757 млрд. теңге жұмсалды. Соның ішінде 222 млрд. теңгеден астамы еліміздің ірі қалаларындағы ТОП-20 клиникаға бағытталды.

Осыған байланысты, 15 қыркүйектен бастап банк стоматологиялық қызметке өтінім қабылдауды тоқтатты. Бұл өзгеріс қаражаттың ашық әрі мақсатты жұмсалуын қамтамасыз етуге бағытталған.

# ЖАС ӨНЕРТАПҚЫШТАР АДАМ КЕСКІНДІ РОБОТ ОЙЛАП ТАПТЫ

**Астана қаласындағы №109 «Келешек» мектебінің ұстаздары мен оқушылары бірлесіп, білім мен технологияны ұштастырудың ерекше үлгісін көрсетті. Олар адамға ұқсас робот құрастырып, оны «Одиссей» деп атауды жөн санаған.**

Жоба авторларының айтуынша, робот бірнеше ерекше мүмкіндіктерге ие. Ол кез келген сұраққа жауап беріп, адамға қарап қолын көтере алады, сондай-ақ сыныптағы оқушыларды санай алады.

– Бұл робот көпшілікті таң қалдырады деп сенеміз. Балалардың ынтасы мен қызығушылығы бізге үлкен күш береді, – дейді жоба жетекшісі, информатика пәнінің мұғалімі Дастан Дүйсенұлы.

Роботтың «Одиссей» аталуы да мәнсіз емес. Ежелгі грек мифологиясындағы Одиссей – даналығы мен білімділігімен танылған кейіпкер. Оқушылар өздерінің білімге жасаған алғашқы қадамдарын осы атаумен байланыстырыпты.

Бұл бастама жас ұрпақтың ғылым мен технологияға қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың болашақтағы жетістіктеріне жол ашатыны сөзсіз.

# ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҚҰЗІРЕТІ КЕҢЕЙДІ

**Үкіметтің қаулысымен Оқу-ағарту министрлігінің өкілеттіктері кеңейтілді.**

Енді министрлік білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгілік қағидаларын, жалпы білім берудің барлық деңгейіндегі бағдарламаларды бекітеді. Сондай-ақ техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібін анықтайды.

Бұл тізімге олимпиадалық резервтегі мамандандырылған мектеп-интернаттар мен колледждер, сондай-ақ спортқа бейім дарынды балаларға арналған республикалық, облыстық және астаналық мектеп-интернаттар кірмейді.

Сонымен бірге ведомство білім беру саласындағы өзгерістер көшбасшыларын іріктеу және даярлау қағидаларын әзірлеп, бекітумен айналысады.

Оқу-ағарту министрлігі мектепке дейінгі, орта, техникалық, кәсіптік, ортадан кейінгі және қосымша білім беру жүйесінде, сондай-ақ балалардың құқықтарын қорғау саласында көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл шараларын қабылдап, мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысатын болады.

Қаулы ресми түрде күшіне енді.

# ЕРЕКШЕ АРНАНЫҢ АТЫ – «ЕСКЕК ЕСУ»

**Түркістан қаласында халықаралық талаптарға сай жаңа «Ескек есу» арнасы пайдалануға берілді. Бірегей спорт нысаны Мемлекет басшысының тапсырмасымен салынды.**



Ашылу рәсіміне ҚР Туризм және спорт министрі Ермек Мырзабосынов, халықаралық және ұлттық федерация өкілдері, сондай-ақ облыс әкімі Нұралхан Көшеров қатысты. Әкім жаңа нысанның спортшыларға жыл бойы жаттығуға мүмкіндік беретінін, өңір спорты мен туризмін дамытуға серпін қосатынын атап өтті.

Арнада 500-ге жуық спортшы байдарка, каноэ, триатлон, параканоэ және жүзу түрлерімен тұрақты шұғылдана алады. Түркістандық ескек есушілер бұған дейін ел біріншіліктерінде 1800-ден астам, халықаралық жарыстарда 184 медаль жеңіп алып, 9 спортшы Олимпиада жолдамасын иеленген.

Салтанат аясында халықаралық меморандумға қол қойылып, Орталық Азиядағы алғашқы өңірлік спорт орталығы құрылатыны жарияланды. Кеште «Turkistan Water Fest & Sky Lights» фестивалі өтіп, көрермендерге концерт, этношоу, әуе шары мен су үстіндегі қойылымдар ұсынылды.

Айта кетейік, биыл облыста 102 спорт нысаны іске қосылып, келесі жылы тағы 10 нысан пайдалануға берілмек.

# ЖОЛ ЖАБЫНЫ ОПЫРЫЛЫП, ОН ҮШ АВТОКӨЛІК ЗАҚЫМДАНДЫ

**Алматы қаласының әкімдігі Әуезов ауданындағы Аманжол көшесінде жолдың не себепті опырылғанына түсініктеме берді.**



Әуезов ауданы әкімдігі аппаратының мәліметінше, «Спецстрой Групп ЛТД» ЖШС бұған дейін осы көшеде ауызсу және кәріз инженерлік желілерін тарту жұмыстарын толық көлемде аяқтаған. Алайда, асфальтбетон жамылғысын қалпына келтіру уақытша кейінге шегерілген. Алайда, ауданның жауын суы колданыстағы арық жүйесі арқылы осы көшеге жиналып, жол төсеміне түсетін салмақты арттырған. Бұған қоса, инженерлік желілердің алты метр тереңдікте жүргізілуі топырақ негізін босатып жіберген.

– Осы жағдайға және қатты нөсердің әсеріне байланысты жолдың шөгуі мен жабынның бүлінуі орын алды. Соның салдарынан 2025 жылғы 16 қыркүйекте жол жабыны опырылып, 13 автокөлік зақымданды. Қазіргі уақытта Аманжол көшесі толық жабылды. Таңертеңнен бастап көліктерді эвакуациялау, топырақты шығару және жолды толық тазарту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Балласт төселген соң уақытша қозғалыс қалпына келтіріледі. Сонымен қатар мердігер ұйым зақымданған автокөлік иелеріне келтірілген шығынды толық өтейді. Мәселе Алматы қаласы әкімдігінің бақылауында, – деп жазды Алматы қаласы әкімінің коммуникация және БАҚ-пен жұмыс жөніндегі кеңесшісі Ильзат Акчурин.

# ТОҚАЕВТЫҢ БҰҰ-ны РЕФОРМАЛАУ ҰСЫНЫСЫН БҰҰ БАСШЫСЫНЫҢ ҚОЛДАУЫ – ӘЛЕМДІК СЕНСАЦИЯ!!!

**Иә, әлеуметтік желілерде елімізге осындай баға берген жазбалар көп-теп жүр.**
**Астанада өтіп жатқан Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VIII съезінде ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Біріккен Ұлттар Ұйымын, Қауіпсіздік кеңесін реформалау туралы ұсынысын Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Антониу Гуттериштің қолдауы зор маңызға ие болуда!**

Діндер лидерлерінің съезіне бейнеүндеу жолдаған Біріккен Ұлттар Ұйымының бас хатшысы Антониу Гуттериштің айтуынша, Қауіпсіздік кеңесінің реформасы – қазіргі заман талабына сай маңызды қадам. Сондай-ақ Қауіпсіздік кеңесінің бүгінгі құрамы қазіргі әлемге сәйкес келмейді деп отыр.

Қауіпсіздік кеңесінің құрамы қазіргі заманға емес, 1945 жылғы жағдайға сай жасалған. Бұл тек заңдылық мәселесін ғана емес, сонымен бірге тиімділік мәселесін де туындатып отыр, – деді Бас хатшы.

Сондай-ақ ол Қауіпсіздік Кеңесінде вето құқығын шектеу идеясын қолдайтынын жеткізді.

Әсіресе, 15 адам құқықтарының жаппай бұзылуы немесе соған ұқсас күрделі жағдайларда вето құқығын шектеу жөнінде ұсыныстар болды. Бұл бастаманы Франция мен Ұлыбритания көтерген еді. Мен бұл ұсынысты оң қабылдаймын, – деп атап өтті Гуттериш.

Бейбітшілікке арналған әлемдік дін жиынында бейбітшілікті сақтау үшін БҰҰ реформалау туралы Қазақстан Президенті Тоқаевтың ұсынысын БҰҰ Бас хатшысы Гуттериштің қолдауы Қазақстанның беделін әлемдік аренада көтеріп кетті.

Бұл әлемдік маңызы зор ұсыныстың мәні неде?

Біріншіден, әлемдік жоғары мінберлерден жасалып жүрген Тоқаевтың бұл ұсынысы әлемдік аренада ресми түрде назарға алынды.

Екіншіден, БҰҰ Бас хатшысының қолдауы — бұл тек символикалық қана емес, халықаралық деңгейдегі легитимді бекіту деп білеміз.

Ал саяси және геосаяси маңызына келсек, санап тұрып, саралап беруге болады.

1.Орта державалар ішінде өзін бейтарап ел және көпжақты диалог алаңы ретінде көрсетіп келе жатқан Қазақстанның рөлі артады.

БҰҰ басшысы тарапынан қолдау Қазақстанның халықаралық беделін күшейтетіні анық.

2.БҰҰ реформасына келсек, Қауіпсіздік Кеңесі екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жағдаймен 80 жылға жуық өзгеріссіз қалып қалған. Мысалы, бүгінде Африка, Латын Америкасы, Азия мемлекеттері Қауыпсіздік Кеңесінде теңдей өкілдік етпейді. Тоқаев осы мәнді мәселені көтеру арқылы дамушы елдердің мүддесін білдіруде. Сондықтан Қазақстан басшысының ұсынысын қолдайтындар көп болатыны анық.

3.Ұсыныс глобалдық қолдауға ие болуда: Гутериштің реакциясы реформаны ұзын арқан-кең тұсауға салып қойып, созылып кетуден сақтап, нақты прогресс жасауға ықпал етуі әбден мүмкін.

Тоқаевтың сөзі дипломатиялық тұрғыда байыпты, бірақ батыл ұсыныс – реформа туралы нақты үндеу болды.

Ал Гутериш Қазақстанның бастамасын қолдап, бейбітшілік жолындағы күш-жігерін жоғары бағалады. Реформалау идеясын орынды әрі уақтылы деп таныды.

Гутериштің қолдауы халықаралық ұйымның ең жоғарғы өкілі тарабынан бекемдеу деуге болады. Бұл Қазақстанның бастамасын әлемдік күн тәртібіндегі өзекті тақырып ретінде бекіту.

БҰҰ күн тәртібіне ресми түрде ену ықтималдығы артады деп білеміз. Қазақстанның халықаралық имиджі күшейіп, бейбітшілік бастамашысы ретіндегі беделі күшейеді.

Қазақстанда өтіп жатқан Діндер съезінде айтылған мемлекет басшысының ұсынысы, оны Біріккен Ұлттар Ұйымының бас хатшысының қолдауы – бұл әлемдік жиын тек діни диалог қана емес, жаһандық саясатты қайта құру мәселесін батыл қозғауы арқылы бұл форумның маңызын да көтеріп жіберді.

4.Қауіпсіздік кеңесін реформалау – ұзақ әрі күрделі процесс, бірақ Гутериштің қолдауы реформаны талқылауға серпін беретіні белгілі.

Бұл қадам Қазақстанды тек аймақтық емес, әлемдік саясаттағы бастамашы мемлекет ретінде көрсетуге мүмкіндік беруде.

Жалпы, Біріккен Ұлттар Ұйымы дегеніміз қандай ұйым?

Ол – әлемдегі ең ірі, халықаралық деңгейде ұсынылған және ең қуатты үкіметаралық ұйым.

Бас кеңсесі – АҚШ-та Нью-Йоркте орналасқан. Қазіргі уақытта БҰҰ-ның құрамына 193 мемлекет кіреді.

«Біріккен Ұлттар» атауын АҚШ президенті Франклин Рузвельт ұсынған.

Декларациясы 1945 жылы 24 қазанда Сан-Францискода қабылданды. 24 қазан БҰҰ күні деп жарияланды.

Ұйымға мүше барлық мемлекеттер кіретін Бас Ассамблея Біріккен Ұлттар Ұйымының бас органы болып саналады. БҰҰ-ға мүше елдердің әрқайсысы шешім қабылдау кезінде бір дауысқа ие болады. Жалпыға ортақ ерекше маңызды мәселелер, атап айтқанда, бейбітшілік пен қауіпсіздік, Ұйымға жаңа мүшелер мен оның бюджетін қабылдау мәселелері БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің үштен екісі қатысып, дауыс беру қорытындысы бойынша шешіледі.

Жақында Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылғанына 80 жыл толуына арналған Бас Ассамблеяда ҚР Президенті Қ.Тоқаев сөз сөйлеп, Қауіпсіздік Кеңесін реформалау ұсынысын жасайды.

Иә, Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалаудың уақыты жетті.

Мысалы, кез келген ұйымның құрылтайшылары ауысқан кезде, ұйымда құрылымдық өзгеріс болады. Ал 1945 жылы құрылған БҰҰ-дағы Қауіпсіздік Кеңесіне тұрақты мүше 5 мемлекеттің, АҚШ, Қытай, Ұлыбритания, Франция және КСРО мемлекеттерінен қазір КСРО-ның әлемдік картадан жойылып кеткеніне 34 жыл болды. Бұрын 15 одақтас республиканы біріктірген Кеңес Одағының орнын кезінде өздері де КСРО-дан тәуелсіздік алған өзге 14 ел секілді Ресей иеленіп отыр қазір...

Сондай-ақ, Қауіпсіздік Кеңесінің мүшелері қатарын көбейту жөніндегі мәселе де біраз жылдардан бері қозғалып жүр. Иә, бұл да, 193 елден Қауіпсіздік Кенесінің мүшелері болып, тек 5 мемлекеттің ғана болуы да көп сұрақ туғызатын өзекті мәселе.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ реформасы идеясын дәйекті, жүйелі және ғылыми негізделген негізде ілгерілетуде.

Алдағы Бас Ассамблеяның мерейтойлық жиынында Тоқаевтың салмақты, жан-жақты, дәлелді ұсыныстары көптеген елдердің көңілінен шығып, олардың қолдауына ие болады деп сенеміз.

Әлемдік аренада Қазақ Елінің беделі арта беруі Тәуелсіздіктің Көк туының көкте мәңгі биік желбірей беруі деп білеміз.

**Қазыбек ИСА**

**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:**

# ТОРҒАЙ АЙМАҒЫНЫҢ ДАМУЫ ҮКІМЕТТІҢ АЙРЫҚША НАЗАРЫНДА

**ҚР Президенті Қ.Тоқаев Қазақстан Халқына Жолдауында «Жалпы Торғай аймағының әлеуметтік-экономикалық дамуы үкіметтің айрықша назарында болуы керек!» – деді.**

Қазір ел елеңдеп күтіп отырған «Орталық-Батыс» күре жолы жобасы туралы біз биыл депутаттардың жазғы ел аралауында Қостанай-Торғай өңіріне барған іссапарымыздан көлемді сапарнама жазғанда көтердік. Ол «Қазақ үні» газеті мен Qazaquni.kz ұлттық порталында және фейсбук парақшаларда жарияланды.

Мемлекет басшысы Ұлттық Құрылтайда жалпақ жұртқа жариялаған бұл маңызы зор мәселе туралы көлденеңнен қосылғандар көп әңгіме шығарып, созылып бара жатқасын кеше «ТОРҒАЙДА ТОЛҒАНДЫРАР МӘСЕЛЕ КӨП» атты осы мақаламыздан «ОРТАЛЫҚ-БАТЫС» КҮРЕ ЖОЛЫ ҚАШАН БАСТАЛАДЫ?!.» атты тарауын тағы да жариялаdық. Онда «Торғай өңірінің дамуы туралы түйінді сөз ертең болатын Президент Жолдауында да айтылып, нүктесі қойылар деп сенеміз» – деген едік, үмітіміз ақталды.

Енді міне, Мемлекет басшысының бүгінгі Жолдаудағы түйінді сөзі «Орталық-Батыс» күре жолына Ақ жол ашып, көлденеңнен қосылғандар шығарған дауға нүкте қойды деп білеміз.

Енді тек Үкімет іске кірісуі керек!

Елдің зор үміті «Орталық-Батыс» күре жолына Ақ жол!

**Қазыбек ИСА,**
**ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты**

# БІРЕГЕЙ МЕМЛЕКЕТТЕ БІР ПАЛАТАЛЫ ПАРЛАМЕНТ БОЛУЫ КЕРЕК! СЕНАТ САНАТТАН КЕТЕДІ!..

**2025 жылы 8 қыркүйекте ҚР Президенті Қ.Тоқаев Қазақстан Халқына Жолдауында тағы бір саяси реформа жариялады.**
**Жолдауда негізгі мәселелер түгел айтылып болып, қорытынды жасалып, енді жиналғандар орындарынан тұруға ыңғайланып, қағаз-қаламын жинап жатқанда ел күткен ең негізгі жаңалық – саяси реформаны сарт еткізді.**



«Мен Сенатқа он жыл басшылық еттім. Бұл жұмысты қашан да зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік деп санадым.

Сондықтан маған осы мінберден парламенттік реформа туралы айту оңай емес. Соған қарамастан, мен дәл бүгін елімізде көп ұзамай бір палаталы Парламент құру туралы бастама көтергім келеді» – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы...

Президент өзі кезінде 10 жыл Сенат төрағасы болғандықтан, Сенатты тарату туралы айту өзіне оңай емес екенін, бірақ мемлекет мүддесі бәрінен де жоғары екенін президенттің де кәдімгі жүрегі бар адам ретінде сезім иесі екенін көрсетіп, әдемі жеткізді.

«Бірден айтайын, бұл – өте маңызды мәселе. Оны асығыс жүзеге асыруға болмайды.

Бұл реформа азаматтық секторда, сарапшылар ортасында, сондай-ақ, әрине, қазіргі Парламентте жан-жақты талқылануы қажет.

...Содан кейін, яғни, 2027 жылы жалпыұлттық референдум өткізуге болар еді. Содан соң Конституцияға тиісті өзгеріс енгізе аламыз.

Мен мемлекеттің тағдырын айқындайтын бірқатар маңызды мәселе халықтың келісімімен ғана шешіледі деп бұған дейін бірнеше рет айттым.

Егер бір палаталы Парламент құру қажет деген ортақ шешімге келсек, ондай Парламентті тек қана партиялық тізім бойынша сайлаған жөн деп санаймын» – деп қорытты мемлекет басшысы.

Президенттің саяси реформасы осылай жақсы жалғасатын болады. Депутаттар бұл бір парламенттік палата құру бастамасын қызу қолдады. Өте дұрыс бастама!

1.Әлемдік тәжірибеде унитарлы мемлекеттерде Сенат болмайды! Тек федеративті мемлекеттерде ғана болады. Біз унитарлы, яғни федеративті емес, бірегей мемлекет болсақ та, бізде Сенат болуы – кезінде экс-президенттің өзінің президенттігіне Мәжілістен қауіп төнгенде немесе өзіне ұнамайтын заңдар қабылданғанда іске қосылатын сақтандыру құралы еді...

2.Ал парламентке партиялық тізіммен ғана сайлану – солтүстігінде диаспоралар саны көп өңірлері бар біздің ел секілді мемлекет үшін ұлттық қауіпсіздік мәселесі ретінде маңызы зор!

Әрі бұл саяси партиялардың рөлін көтереді.

Біздің «Ақ жол» партиясы Сенаттың таратылып, бір палаталы парламент болу идеясын 2017 жылғы Конституцияға өзгерістер енгізілген кезден бастап ұсынып келеді. Мәжіліс депутаты, партия төрағасы Азат Перуашев бұл туралы депутаттық сауал да жасады.

Ал 2022 жылғы саяси реформа кезінде «Ақ жол» фракциясы парламентке тек партиялық тізіммен сайлану керектігін ұсынып, бұған үкімет қарсы болып, басқа партиялар қолдамағасын бұл ұсыныс та өтпей қалған еді.

Енді міне, парламентте күрделі өзгеріс жасауды мемлекет басшысының өзі қолға алып, болашағы зор бастама көтеріп жатқанда, біз әрине, қуана қолдаймыз!

Салмақты саяси реформалар осылай сәтімен жалғаса бермек.

**Қазыбек ИСА,**
**ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты**

№36-37 (1165-1166) 15.09 - 22.09.2025
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

**Мемлекет басшысының биылғы Жолдауында айтылған бастамалар қоғамда кеңінен талқыланып жатыр. Әсіресе, әлеуметтік-экономикалық реформалар, цифрландыру және саяси жүйедегі өзгерістер ерекше назарда. Осыған байланысты «Ақ жол» партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев Egemen.kz-ке сұхбат беріп, Жолдаудың ерекшелігі, жасанды интеллект министрлігін құру идеясы және инвестицияларға қатысты ұсыныстар туралы өз пікірін білдірді.**



**Азат ПЕРУАШЕВ:**

# БІР ПАЛАТАЛЫ ПАРЛАМЕНТКЕ КӨШУ – ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ДАМУҒА ЖОЛ АШАДЫ

– Біріншіден, расымен биылғы жолдаудың ерекшелігі – стратегиялық маңызы бар құжат екендігінде. Сол себептен қашанда біз бұл құжаттан көп жаңалық, көп өзгеріс күтеміз. Биылғы жылы да бірнеше өте маңызды, әсіресе әлеуметтік-экономикалық дамуға байланысты жаңалықтар айтылды. Оның ішінде, мысалы, Бас прокуратура туралы: бұл орган енді бизнесті қадағалап ғана қоймай, қызметін инвесторларды қорғауға бағыттамақ. Яғни, қазіргі кезде инвесторлар Бас прокуратурадан тікелей көмек таба алады.

Цифрландыру сияқты жаңа бағыттар тек экономика мен кәсіпкерлерге ғана емес, жалпы еліміздің өміріне, мемлекетіміздің дамуына әсер ететін тетік. Президент оны толыққанды енгізуге, қолдануға тапсырма беріп отыр. Бұл, расында да, барша үрдістерімізге, дамуымызға қатты серпін беруге тиіс бастамалар. Оның ішінде жасанды интеллект, цифрландыру, криптовалюталарды пайдалану, «цифрлық сити» құру сияқты тапсырмалар жария етілді.

Биылғы жолдаудың ерекшелігі – осындай мазмұнды бастамалардың көптігінде.

Негізінде бірнеше жыл бұрын, мысалы 2022–2023 жылдары да әділетті экономика құруда жеке меншік банктердің орны ерекше болуы керек деп тапсырма берілген. Банктердің экономиканы, бизнесті, кәсіпкерлерді, шағын және орта бизнесті қаржыландыруды белсендіруге арналған тапсырмалар бұрын да айтылды. Енді банктердің жұмысы туралы заңды дұрыстап қарастыру тапсырылды. Яғни, енді банктердің рөлі тек өз акционерлері үшін пайда табу ғана емес, сонымен қатар, заң талабы бойынша ел экономикасындағы рөлін күшейту болмақ.

Арнайы экономикалық аймақтардың жұмысын тиісті деңгейге шығару тапсырмасы өте орынды. Мұндай аймақтар әрбір облыста, әрбір қаланың жанында болса да, олардың экономикамызға ықпалы әлі жеткілікті дәрежеге шыққан жоқ.

Өнеркәсіп саясатын бір жүйеге келтіру туралы тапсырма да өте орынды. Сирек металдарды шығару мәселесі бұрыннан көтеріліп келеді. Бұрынғы кезде біздің ірі шикізат шығаратын «Қазақмыс», «Казцинк», ERG, KazMinerals секілді компанияларымыз негізінен дәстүрлі қара және түсті металдармен жұмыс істеп келген. Соңғы бірнеше жылда бүкіл әлемде сирек металдарға сұраныс күрт өсіп отыр. Себебі, бұл металдарды пайдалану арқылы жаңа технологиялар, оның ішінде IT технологиялар дамып келеді. Сол себептен Президент осы жолы сирек металлургияны дамытуға тапсырма берді. Кемінде үш жаңа ірі өнеркәсіп ашу міндеттелді.

Атом энергетикасына келер болсақ, тек қана Ресей компаниясымен емес, сонымен қатар, Қытай серіктестерімен де байланыста болып, тағы екі станция ашу туралы шешім қабылданды.

«Ақ жол» партиясы да биыл сирек металдар жайында Үкіметке депутаттық сауал жолдаған болатын. Президент азық-түлік өндірісіндегі жағдайды қатты сынға алды. Бұл пікірді біз қолдаймыз. Себебі, кейбір дүкендерге кірсеңіз, өзіміздің отандық өнімнің үлесі мәз емес. Әсіресе, сүт пен ет өнімдерінің көбі Ресейден немесе Беларусьтен әкелінеді. Ал, негізінде Қазақстанның ауыл шаруашылығында азық-түлік өндіретін кәсіпорындар бар. Бірнеше компанияны атап айтуға болады: мысалы, «Кублей» зауыты немесе Көкшетаудағы сүт зауыты және басқа да өндіріс орындары. Бірақ мемлекет тарапынан қолдау жеткіліксіз болғандықтан, қазір біз олардың өнімдерінің нарықта екінші қатарда тұрғанын көріп отырмыз. Бұл жағдайды міндетті түрде өзгертуіміз керек.

Президент кеден саласын реформалау туралы да айтты. Биылғы жазда «Ақ жол» партиясының депутаттары барша аймақтарды аралап, Семейде, Қорғаста болғанымда, кәсіпкерлер мен тасымалдаушылардың наразылықтарын жиі көрдім. Әсіресе, кеден бекеттерінің жұмысына байланысты көп шағым бар. Осыған байланысты біздің фракция депутаттары Абай облысындағы «Бақты» кеден бекетіне барып, кәсіпкерлердің өтініші бойынша жұмыстың жағдайымен танысып, мәселені талқылауды жоспарлады. Президенттің шағын және орта бизнестің дамуына ерекше назар аударғанын қолдаймыз. Оның ішінде Салық кодексінің әкімшілендіруін кәсіпкерлердің мүддесіне сай ету қажеттігін ерекше атап өткіміз келеді. Есіңізде болса, «Ақ жол» фракциясы нақты себептермен Салық кодексіне қарсы дауыс берген болатынбыз. Ал Президенттің жаңа Салық кодексін қолдану аясында салықтық әкімшілендіруді дұрыстау туралы, оны кәсіпкерлік мүддесіне сай Кәсіпкерлік кодексіне сай келтіру туралы тапсырмасын біз толық қолдаймыз және өзіміздің нақты ұсыныстарды бірден жариялadық. Жолдаудан бір күннен кейін мәжілістегі жалпы отырыста осы мәселе жөнінде арнайы депутаттық сауал жолдадық.

Президент даму институттарының жұмысын өзгертуге тоқталды. Бұрын бұл институттар көбіне өздеріне жақын кәсіпкерлерге қолдау көрсетсе, енді жалпы бүкіл шағын және орта бизнеске пайдалы болуға тиіс. Квазимемлекеттік компаниялардың экономикаға араласуын шектеу туралы тапсырмасы да өте орынды. Бұл бастамалардың барлығы әлеуметтік-экономикалық дамуға дұрыс ықпал етеді деп санаймыз.

Сонымен бірге, биылғы жолдаудың ерекшелігі – саяси жүйеге ұсынылған өзгерістер. Бір палаталы парламентке көшу, Сенатты қысқарту мәселесі және келешекте депутаттарды тек партиялық тізім арқылы сайлау ұсынылды. Президент Тоқаев ешқашан тағдыршешті өзгерістерді аяқ астынан ұсынбайды. Бұрынғы билік тұсында Конституцияға немесе басқа да аса маңызды мәселелерге қатысты өзгерістер дәл қабылданар алдында жарияланып, халық талқылап үлгерместен қабылданатын. Ал бұл жолы Президент мәселені халық назарына шығарып, бір жыл бойы талқылауға мүмкіндік беріп отыр. Бұл Тоқаевтың ашық саясат жүргізуге дайын екенін көрсетеді. Референдум 2027 жылға жоспарланып отыр.

«Ақ жол» партиясы 2017 жылы Назарбаевтың тұсында Конституцияға өзгерістер ұсынылғанда да Сенатты қысқарту және бір палаталы парламентке көшу туралы ресми ұсыныс жасады. Ол кезде бұл ұсынысқа билік қарсы болды. Бірақ біз өз пікірімізде қалдық және оны үнемі көтеріп келдік. Сондықтан бұл бастаманы қолдаймыз.

Басты себептердің бірі: Сенат – федеративті мемлекеттерге тән жүйе. Ресей, Америка сияқты елдерде жергілікті федерация мүшелері өз заңдарын, өз тәртіптерін, азаматтарға көрсетілетін қызметтерді өздігінше реттеуге құқылы. Ал біз унитарлы мемлекет болғандықтан, заңдарымыз бірыңғай, тәртібіміз бірдей, азаматтарымыз Алтайдан Атырауға дейін қай өңірде тұрса да, құқықтары мен жағдайлары бірдей болуы тиіс. Сол себептен екі палаталы парламенттің қажеті жоқ. Бұрын Сенат көппартиялы Мәжіліс үстінен қадағалаушы орган ретінде жұмыс істеді. Мәжіліс қабылдаған заң жобаларында билікке ұнамайтын нормалар болған жағдайда, шенеуніктер Сенаттың құзыретін пайдаланып, сол нормаларды заңнан алып тастауға немесе тоқтатуға мүмкіндік алатын. Мұндай мүмкіндік болмауға тиіс, көппартиялы Парламент өз сайлаушыларының пікіріне сай қандай шешімдерге келсе, сол нормалар тікелей Президенттің қарастыруына жетуі тиіс. Себебі, заң тек қана Президент қол қойғаннан кейін қабылданды деп есептеледі.

Бір палаталы парламентке көшу – унитарлы мемлекет қағидасына сай келеді және көппартиялы парламенттің шешімдеріне тосқауыл қоймайды. Ал депутаттарды тек партиялық тізім арқылы сайлау – партиялардың рөлін күшейтіп, ықпалын арттырады. «Ақ жол» партиясы талай сайлаудан өткен тәжірибесінде көргеніміздей, бір мандатты сайлауда көбіне билік қолдаған кандидаттар жеңеді. Мысалы, 2023 жылғы сайлауда «Аманат» партиясы пропорционалды жүйе бойынша (партия тізімімен) 54% дауыс жинаса (69 орынның 40-ы), мажоритарлы (бір мандатты) жүйе бойынша бірден 76% орынға ие болды (29-дың 22-сі). Яғни, бірмандаттық округтерде билік партиясы 22% артық мандат алды. Және де бұл тек біздің ерекшелік емес, мысалы Ресейде де алдыңғы Мемлекеттік Дума сайлауында пропорционалды жүйе бойынша «Единая Россия» 49 пайыз жинап (тағы төрт партияны өткізді), ал бірмандаттық округтерде сол партия мандаттардың 90 пайызын иеленді. Яғни, бір мандатты жүйе биліктің пайдасына көбірек қызмет етеді.

Сонымен қатар бір мандаттық сайлауда жеңіске жету үшін үміткер 50 пайыздан астам дауыс алуы тиіс. Демек көпшілікпен келіспейтін өзіндік пікірі бар адамдар, каншалықты білімді, тәжірибелі, мықты болса да мажоритарлы (бірмандатты) жүйеде парламентке өте алмайды. Ал демократия – тек көпшіліктің таңдауы ғана емес, бұл, сонымен бірге, өзіндік пікірі бар азаматтарға мемлекет дамуына өз үлесін қосуға мүмкіндік беру. Мұндай мүмкіндікті тек пропорционалды, яғни, партиялық тізім бойынша сайлау жүйесі береді.

Бұл тек біздің пікіріміз емес, Европа кеңесінің Венециялық комиссиясының «Демократиялық парламенттегі оппозицияның рөлі туралы» баяндамасында да, «пропорционалды жүйемен партиялық тізім арқылы өтетін жүйе қоғам мүддесін кеңірек қамтиды» деп көрсетілген.

Демек, партиялық тізім – демократияға көбірек мүмкіндік береді. Сондықтан, «Ақ жол» партиясы Президенттің ұсыныстарын қолдайды. Бұл мәселенің түпкілікті шешімін халық референдум арқылы қабылдауы тиіс. Партиямыз референдумға дейінгі кезеңде осы жүйенің артықшылықтарын көрсетуге бар күшін салады.

— ЖИ министрлігі құрылсын деген ұсыныс бар. Сіз бұл ұсынысты қалай бағалайсыз? Оның функциялары мен жауапкершіліктері қалай болуы керек деп ойлайсыз?

— Бұл екінші мәселе, қазіргі кезде цифрлық даму министрлігі бар. Енді Президент оның құзыретін кеңейтейін деп жатыр. Себебі, мемлекеттік қызмет, мемлекет басқару, қоғамдық даму, экономиканың көтерілуі сияқты көптеген салаларда ЖИ мүмкіндіктерін толық пайдаланамыз деп жоспарлап отырмыз. Әрине, бұл кезде мемлекет тарапынан бір үйлестіруші болу керек, бұл мәселені 3-4 рет парламентте көтерген болатынбыз. Цифрландыру үрдісінің барысында жергілікті органдар, үкіметтегі жеке-жеке ведомстволар әрқайсысы өзінің жүйесін қалыптастырып, оған миллиардтап ақша жұмсады, бірақ бұл жүйелер өзара бір жүйеге келтірілмегеннен кейін нәтижесіз болып шықты. Сол себепті бірыңғай үйлестіруші болу керек, біз бұл идеяны қолдаймыз, бұл жұмысты бір платформаға тоғыстыру туралы ұсыныс та жасадық. Цифрландыру ЖИ-ті қолдану жұмыстарын қалыптастыру керек деп ойлаймыз. Бұл жерде министрлікке тиісті мүмкіндіктер беруіміз керек, әйтпесе, бізде әрбір министр, әрбір әкім цифрландыруға арналған бюджеттік милиардтарды өзінше қолданып, ақыр аяғында олардың платформалары жеке-жеке салаларға ғана пайдалы, яғни, ортақ жүйеге келтірілмеген. Сондықтан, ЖИ қолдану жүйесін бір тәртіпке, бір қалыпқа келтіруіз қажет. Меніңше, министрліктің жұмысы осы болу керек.



— Облыстар мен ауылдардағы цифрлық инфрақұрылым, байланыс қызметтері, интернет сапасы сияқты мәселелерді шешу үшін депутат ретінде қандай шешімдер ұсынасыз?

— Ауылдық жерлерде жасанды

интеллект пен цифрлық технологияларды енгізу қаншалықты қолжетімді болады деген сұрақ орынды. Жақында оптикалық талшықты байланыс тарту туралы заң қабылданып, оған бюджет бөлінді. Бірақ шынын айтсақ, бұл мәселе бойынша өз пікірім бар. Себебі кейбір ауылдарымызды біз әлі ауыз сумен, жолмен, басқа да әлеуметтік инфрақұрылыммен тиісті деңгейде толық қамти алмай отырмыз. Жасанды интеллект пен цифрландыру мәселесіне дейін алдымен әлеуметтік инфрақұрылымды шешуіміз керек. Содан соң жасанды интеллект пен цифрландырудың кезегі келеді.

Жасанды интеллектке келсек, балаларды мектептен бастап осыған оқыту қажет. Түрлі пәндер енгізіп, жүйелі үйлестіру керек. ЖИ ауыл шаруашылығында да, өндірісте де, бизнесте де қолданыла алады. Бірақ бұл жұмысты жоспарлы, жүйелі түрде дамытуымыз қажет.

— Жолдауда «Инвестицияларға тапсырыс» моделі туралы айтылған. Бұл модельдің ашықтығы мен тиімділігін қалай қамтамасыз ету керек деп ойлайсыз?

— Инвестиция дегеніміз — адамның, яғни, инвесторлардың, компаниялардың шешімі. Олар қашан инвестиция құяды? Оларға ыңғайлы, табысты жағдай жасалғанда ғана. Бұл жерде салық саясаты да олар үшін пайдалы болуы қажет. Алдымен инфрақұрылыммен қамтуымыз керек. Мысалы, шалғай жерде орналасқан өңірде пайдалы ресурстар болып, оған жететін жол жоқ болса, қажетті электр қуаты тартылмаса, жұмыс істейтін адамдарға жағдай жасалмаса, әрине, ол жаққа инвестиция ешқашан салынбайды.

Сол үшін табиғи байлық туралы айтсақ, алдымен барлауды дұрыс жолға қоюымыз керек сияқты. Жеріміздің қай жерінде қандай мүмкіндіктер барын зерттеп, оны насихаттауымыз қажет. Бұл жерде мемлекетік органдарының рөлі бөлек, дұрыстап көрсетіп, инвесторларды шақыруымыз керек. Бірақ, шақырумен шектелмей, нақты жағдай жасауымыз қажет. Себебі, соңғы кезде біз түрлі презентациялар жасап, шақыруды үйреніп алдық, ал инвесторлар келіп, өзіміздің бюрократтармен көп уақыт жоғалтқаннан кейін бәрін тастап, не өзбектерге, не қырғыздарға, не Ресейге кетіп қалып жатыр.

Жолдауда айтылған «Инвестицияларға тапсырыс» моделі де маңызды. Бұл модельдің табысты болуы үшін ашықтық пен тиімділік қажет. Бірақ ең бастысы – ұлттық мүддені ұмытпау. Себебі, бұрын ірі мұнай-газ жобалары Қазақстанға пайдасы аз шарттармен жасалған. Мұндай қателікті қайталамауымыз қажет.

Яғни, бұл жолы инвесторларды шақырғанда, оларға барша тиісті жағдай жасап, бірақ Конституциямызға сай, жер мен ел қойнауының шын иесі — Қазақ халқы екенін естен шығармауымыз қажет. Экономикамызды дамыту үшін ең алдымен ұлттық мүддемізге сай қадам жасауымыз керек деп санаймыз.

*qazaquni.kz*



**Қазыбек ИСА, ақын, ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты:**

# ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ЖАСАМПАЗ ЖАҢАШЫЛДЫҚ – ДАМУ КІЛТІ

**ҚР Парламенті Мәжілісінің Жалпы отырысында Мәжіліс депутаты, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары Қазыбек Исаның Ұлттық құндылықтар мен жасампаз жаңашылдыққа негізделген патриотизм туралы ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ермек Көшербаевқа жолдаған депутаттық сауалы.**

ҚР Президенті Қ.Тоқаев жақында жасаған халыққа Жолдауында өткен тарихты, дәстүрлі құндылықтарды құрметтей отырып, жаңашылдық пен жасампаздыққа негізделген патриотизмге басты назар аударды. Еліміздің болашағын айқындайтын ең басты құндылықтардың бірі — отансүйгіштік рух пен заманауи жаңғырудың үйлесімділігін ерекше атап өтті.

«Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керек» деп мәлімдеген мемлекет басшысы: «Біз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу арқылы экономиканы жаңғыртуымыз қажет. Жастар үшін патриотизмнің басты көрсеткіші — жасампаздық пен жаңашылдық. Жастар «Елді сүю дегеніміз — халыққа пайдасы тиетін жаңалық ашу, жаңа іс бастау» деп түсінеді. Өскелең ұрпақтың бойындағы патриотизм — болашаққа деген шынайы ұмтылыс. Бұл — қоғам санасында болып жатқан өзгерістің айқын көрінісі. Мен мұны толығымен қолдаймын. Жастардың күш-жігеріне, олардың дарыны мен біліміне сенемін.»-деді.

Бір ғасыр бұрынғы Алаш ақиығы Мағжан Жұмабайдың «Мен жастарға сенемін» деген жалынды жырын осылай жаңа заманға сай жаңғыртқан Қасым-Жомарт Кемелұлы жастардың отаншылдығына үлкен үміт артып отыр. «Біз кеше кім болғанымызды ұмытпаймыз. Төл тарихымызға құрметпен қараймыз. Ал келешекте кім болатынымыз тек қана өз қолымызда екенін жақсы түсінеміз. Сондықтан ғылым-білімге ұмтылған, елін-жерін көркейтуді ойлаған жастарға әрдайым жан-жақты қолдау көрсете береміз.» деп жариялады.

Президент Жолдауындағы ұлттық дәстүр мен жасампаз жаңашылдыққа негізделген Отаншылдыққа Үндеу – Ел дамуы үшін рухани стратегиялық бағдар деуге болады. Баршамызды біріктіретін, Қазақстанның жаңа жетістіктерге жетуіне жол ашатын бағыт. Өйткені тарих пен дәстүр – ұлттық тамыр, кодымыз болса, жаңашылдық пен жасампаздық – жаңа замандағы дамудың кілті.

Иә, қазір әлем күн сайын өзгеріп келеді. Ғылым, технология, экономика – барлығы жаңаша көзқарасты талап етеді. Жаңашылдықты меңгеру – тек уақыт талабы емес, бәсекеге қабілетті ел болудың басты жолы – Ақ жолы. Жасампаздыққа негізделген патриотизм — өз елінің дамуына үлес қосу, жаңа идеялар ұсыну, тың бастамаларға батыл бару деген сөз. Бүгінгі Қазақ Елі жастары – тек дәстүрдің берік мұрагері ғана емес, сонымен бірге ел болашағының жасампаз сәулетшісі болуы тиіс. Өйткені, Патриотизм – дәстүр мен жаңашылдықтың жарқын үйлесуі.

Бұл – елдің тарихын терең білу, дәстүрін қадірлеу, сонымен бірге жаңа мүмкіндіктерге жол ашып, жасампаздықпен мемлекеттің дамуына үлес қосу.

Қазіргі нағыз патриот – ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, жаңа дәуірдің талаптарына сай жарқын қадам жасай алатын азамат.

Мемлекет басшысы ұлт болмысының арқауы деп атаған, ұлттық мүдденің өзегі ретінде саналатын Тіл, Мәдениет, Руханият негізіндегі дәстүрлі құндылықтарымыздың дами беретіні хақ, олар халқымыздың сан ғасырлық тарихы мен бай мәдениеті – біздің рухани жауһар қазынамыз. Елдік пен ерлікті, әділет пен бірлікті ту еткен ата-бабамыздың аманаты – бүгінгі ұрпақтың басты бағдаршамы. Тарихты құрметтеу – өткенді дәріптеу ғана емес, сонымен бірге келешекке сенімді қадам жасауға күш беретін рухани тірек. Дәстүрді сақтау арқылы біз ұрпақ сабақтастығын жалғастырамыз, ұлттық болмысымызды жоғалтпаймыз.

Әлемде ұлттық дәстүрді сақтай отырып, заманауи жаңашыл жасампаздықты сәтті ұштастыра білгендіктен, зор жетістікке жеткен елдер жетеді.

Мысалы, Жапонияны жетістікке жеткізген Патриотизмнің сыры қандай? Өте қарапайым. Ұлттық дәстүрді қастерлей отырып, әрбір жаңа инновацияны өздерінің мәдениетіне бейімдей білу — Жоғары технология, робототехника, автомобиль және электроника саласында көшбасшылыққа жеткізді.

Нәтижесі қандай? Экономикалық ғажайып — Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін бірнеше онжылдықта әлемнің ең дамыған мемлекетіне айналды!

Дәстүрді сақтау мен Жаңашылдық арқасында Оңтүстік Корея мен Сингапур кедей елден бүгінгі таңда әлемдік экономикадағы «Азия жолбарыстарына» айналса, Қытай әлемдегі екінші ірі экономика болып отыр. Ал Түркия Дәстүрді сақтай отырып, Жаңашылдықпен Қорғаныс өнеркәсібін (Bayraktar дрондары), туризм, жаңа инфрақұрылым жобаларын дамытып, «Ұлттық жаңғыру» патриотизмі идеясы негізінде экономикалық әрі саяси ықпалды держава ретінде белгілі.

— Бұл жетістікке жеткен елдердің бәрінің ортақ ерекшелігі қандай?

1.Өз тарихы мен дәстүрін қастерлеу.

2.Инновацияны барынша батыл енгізу.

3.Жасампаздықты елдің даму құралына айналдыру.

4.Патриотизмді қоғамның қозғаушы күші ету.

Бұдан көріп отырғанымыздай, барлық елдер ұлттық дәстүрін жоғалтпай, сонымен бірге заманауи инновацияларды батыл енгізу арқылы зор жетістікке жеткен.

Яғни, нағыз жетістікке жетудің айқын формуласы - дәстүр мен жасампаз жаңашылдық сәтті үйлестіре білген патриотизм!

Ал, керісінше дәстүрін сақтамай, ұлттық бірегейлікті жоғалтып алғандықтан, жетістікке жете алмай, дағдарысқа батқан, ыдырап, жойылып кеткен елдер де жетеді...

Олар Кеңес Одағы (КСРО), Африкадағы кейбір постколониялық елдер (мысалы, Замбия, Конго, Нигерияның бір бөлігі), Латын Америкасындағы кейбір елдер (мысалы, Аргентина, Бразилия XX ғасырдың ортасында), Иран шах кезеңі (1930–1979 жж.) және тб.

Бұл елдердің тәжірибесі көрсеткендей, Дәстүрсіз жаңашылдық – тамырсыз ағаш секілді. Ұлттық рухани құндылықтардан ажыраған қоғам ұзақ мерзімді даму мен тұрақтылыққа жете алмайды. Дәстүрден толық бас тарту – қоғамда рухани дағдарыс туғызады, ал ол экономикалық және саяси дамуға да кері әсер етеді...

Біздің де өткенімізді ұмытпай, болашаққа сеніммен қадам басу – әрқайсымыздың басты парызымыз. Дәстүрімізді қадірлеп, жаңашылдықты меңгере білсек, елдігіміздің ұлттық тұғыры биік болмақ.

Ендеше, патриотизмді тек жүрекпен сезініп қана қоймай, күнделікті өмірде нақты әрекетпен дәлелдейтін уақыт келді! Бұған біз бәріміз өз үлесімізді қосуымыз керек!

Үкіметке нақты ұсыныстарымыз:

1.Жаңашылдық пен инновацияны ұлттық идеямен ұштастыру

«Ұлттық код + инновация» қағидасын мемлекеттік бағдарламаларға енгізу.

Қазақтың дәстүрлі дүниетанымын IT, дизайн, кино, әдебиет, музыка арқылы жаңаша форматта ұсыну.

Жастардың инновациялық жобаларын грантпен қолдағанда, олардың ұлттық құндылықтарға байланысын ескерту.

Өткен отыз жылда шетелге кетіп қалып, әлемнің үздік компанияларында жұмыс істеп жатқан қазақтың дарынды жастарын, алғыр азаматтарын елге шақырып, жан-жақты қолдау көрсету.

2.Патриоттық тәрбиені күшейту

Әскерде, мектепте, университетте «заманауи патриотизм» сабақтарын енгізу (мысалы, табысты қазақстандық ғалымдар, кәсіпкерлер, өнер адамдары арқылы үлгі көрсету).

Спорт пен өнердегі жеңістерді мемлекет деңгейінде патриотизм құралы ретінде дәріптеу.

«Менің елім – менің жобам» форматында жастарға ел дамуына үлес қосатын нақты бастамалар жасауға мүмкіндік беру.

3. Мемлекеттік ақпараттық саясат

Дәстүр мен жаңашылдықты біріктіретін контентті телеарналар мен әлеуметтік желілерде көптеп тарату.

Қазақ тіліндегі сапалы мультфильмдер, деректі фильмдер, сериалдар арқылы жастардың отансүйгіштік рухын арттыру.

«Ұлттық бренд» қалыптастыруда мәдени мұра мен технологияны ұштастыру (мысалы, қазақы ою-өрнекпен жасалған смарт-құрылғылар, заманауи киім үлгілері).

4. Экономикалық және әлеуметтік саясат

Ұлттық өнімдерді (астық, ет, киім, қолөнер бұйымдары) заманауи технология арқылы бәсекеге қабілетті ету.

«Жасампаз патриот» атты арнайы мемлекеттік бағдарлама қабылдап, жастардың ауылды дамыту, экотуризм, стартап жобаларына қолдау көрсету.

Ауыл-аймақта дәстүрлі шаруашылық түрлерін (жылқы шаруашылығы, қолөнер) жаңғырта отырып, оларға инновация енгізу.

5.Ұлттық дәстүрді сақтап, дәріптеу:

Халық ауыз әдебиеті, қолөнер, салт-дәстүрді мектеп пен ЖОО бағдарламасына жүйелі енгізу.

Ұлттық мерекелерді тек мәдени шара емес, заманауи мазмұнмен (стартап көрмелері, инновациялық форумдар) байыту.

Аймақтардағы этнографиялық орталықтар мен мұражайларды жаңғыртып, жастарды тарту.

Қорытынды ұсыныс:

Патриотизмді дамытудың ең тиімді жолы – өткенді ұмытпай, болашаққа сеніммен қадам басу. Үкімет дәстүрді сақтауды рухани тірек, ал жаңашылдықты даму кілті ретінде қарастырып, екеуін тең ұстаған жағдайда қоғамда шынайы отансүйгіштік рух қалыптасады.

**Құрметпен, «Ақ жол» фракциясы депутаттары:**
**Қазыбек ИСА,**
**Азат ПЕРУАШЕВ,**
**Дания ЕСПАЕВА,**
**Ерлан БАРЛЫБАЕВ,**
**Серік ЕРУБАЕВ**
**Олжас НҰРАЛДЫНОВ.**

**Ұласбек СӘДІБЕКОВ,**
**«Amanat» фракциясы мүшесі**

№36-37 (1165-1166) 15.09 - 22.09.2025
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

*(Соңы. Басы өткен санда)*

Әлихан десе талай жыр есілген.
Ұлтым қуат алады ұлы есімнен.
Алашқа қосқан айтсақ үлесіңді ең,
«Қазаққа қызмет қылмай қоймаймын»
– деп,
Асқан үлгі көрсеттің күресіңмен!

Кез емес бұл салатын кеңге аяқты,
Ерлерге арнап оқиық енді аятты.
Ахаң болса ұлтымның ұлы ұстазы,
Міржақыптың мір сөзі елді оятты!

Көрдік міне киелі Ақтоғайды,
Ұлыларды кім бүгін жоқтамайды?!.
Әлімхан мен Жақыптың жарқылдаған,
Әр ісінен жүрекке от тарайды,
Арыстардың арманы орындалып,
Желбірейді Көк туым көкте арайлы!
Сең қозғалды, қазағым, сен де қозғал!-
Шеруі енді Алаштың тоқтамайды!

Аз уақыт қана болсақ та, Әбдісалық ақсақал бастаған ауылдағы ағайындармен қимай қоштастық. Әбекең қоштасып тұрып, тағы да көңіл толқытарлық сөз айтты:

-Қазыбекті көріп, Қазақты көргендей риза болып қалдым ғой?! Қазақтың қақын қорғап, қайда жүрсең де, аман жүр бауырым! Алла жар болсын! Енді Міржақыптың тойынан қалмайсың деп сенемін. Ақ жол!-деп, бауырына басып шығарып салды.

Қайран ауылдың өзі көсем, сөзі шешен, ақылы кемел, құшағы кең, қасиетті қариялары-ай! Ұлт көсемі Ахаңдай асылдың ұрпақтары ғой! «Даламның исі бұрқырап, Қарттарым аман, сау жүрші» деген саңлақ ақын Сағидың жыр жолдарын қайталай бердім...

Түстен кейін Амангелді ауданына барып, белгілі кәйраткер, жиһанкез меценат Сапар Ысқақ өз қаржысына тұрғызып жатқан «Ұлы дала тұлғалары» кешенін аралап көрдік. Бұл енді алапат еңбек! Ұлтқа еңбегі сіңген дала дарабоздарының бәрінің қабірінен алынған топырақтар осында тұр.

Осы жерде Амангелді ауданы әкімі Қанат Кеделбаев бастаған ардагерлермен кездестік. Олар айтқан ел жайы, жер жайына байланысты маңызды ұсыныстілектерінің парламентте қозғалатынын жеткіздім.

Аудан орталығындағы ұлт-азаттық көтеріліс көсемі Амангелді Имановтың сүйегі жерленген аланда батырдың ескерткішіне құран оқыдық. Мәдениет саласы қызметкерлерінің мәнді ұсыныстарын тыңдап, оларды жазбаша жіберу керектігін, назарға алынатынын айттық.

Арқалыққа бара жатқан жолда халық батыры Кейкінің кесенесіне арнайы ат басын бұрып, дұға бағыштадық. Азаттық үшін алысқан дала батырының қайғылы өмірі туралы көрнекті жазушы Ақан Нұрмановтың «Құланның ажалы» романы еске түсті...



# «Алаштың атын
# деген шекесі тар шенеуніктер

- «ОРТАЛЫҚ-БАТЫС» КҮРЕ ЖОЛЫ ҚАШАН БАСТАЛАДЫ?!.
- «ӘУЛИЕ АТТАҒАН ОҢБАЙДЫ...»
- ҰЛТ КӨСЕМДЕРІНЕН ЕЛІМІЗДЕ ЖЕРЛЕНГЕНІ – ЖАЛҒЫЗ МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ
- 1989 ЖЫЛЫ МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫНЫҢ СҮЙЕГІ КАРЕЛИЯДАН ТАБЫЛДЫ.
- МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ ҚЫЗБЕЛДЕ ТУЫП-ӨССЕ, ОНЫҢ КЕСЕНЕСІ НЕГЕ БҰЛ ЖЕРДЕН ДЕ 50 ШАҚЫРЫМДАЙ АЛЫС ЕҢ ШЕТТЕ, БИДАЙЫҚ АУЫЛЫНДА ТҰР?
- ҰЛТ КӨСЕМІ МІРЖАҚЫП ТОЙЫ ЕЛДІГІМІЗДІ КӨРСЕТЕТІНДЕЙ ЕРЕКШЕ БОЛУЫ ТИІС!
- «ОЯН, ҚАЗАҚ» ДЕП ҰРАН ТАСТАҒАН ҰЛТ КӨСЕМІНЕ ЖАСАЙТЫН ҚҰРМЕТІМІЗГЕ ҚАРАП, ОЯНҒАН-ОЯНБАҒАНЫМЫЗ БЕЛГІЛІ БОЛАДЫ!
- ТОРҒАЙ ТОЙҒА ДАЙЫН БА?!.
- ЖОЛ АЗАБЫН ЖҮРГЕН БІЛЕДІ...
- ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ АУЫЛЫНА БАРАР ЖОЛ ҚАШАН БІТЕДІ?!.
- АХАҢ АУЫЛЫНДАҒЫ АРДАГЕР МАҒАН НЕГЕ ӨКПЕЛЕДІ?!.
- «ҚАЗЫБЕКТІ КӨРІП, ҚАЗАҚТЫ КӨРГЕНДЕЙ БОЛДЫМ» – АУЫЛ АҚСАҚАЛЫ
- 2 МЫҢ ШАҚЫРЫМНАН АСҚАН САПАРЫМЫЗДА АЛАШ КӨСЕМДЕРІ АХАҢ МЕН ЖАҚАҢ ТУҒАН ТОРҒАЙ ӨҢІРІНДЕГІ ЕКІ КҮНДІК САПАРДА 630 км ЖОЛСЫЗ, ҚАРА ЖОЛМЕН ЖҮРУГЕ ТУРА КЕЛДІ.
- «ӘУЛИЕЛЕРГЕ БАРСАҢ, ҰЗАҚ ЖҮРІП, ҚИНАЛЫП БАРУ КЕРЕК» ДЕГЕН ОСЫ ЕКЕН! ЗИЯРАТЫМЫЗ ҚАБЫЛ БОЛСЫН!

**«ОРТАЛЫҚ-БАТЫС»
КҮРЕ ЖОЛЫ
ҚАШАН БАСТАЛАДЫ?!.**

Арқалыққа ат арытып жеткен бізді жолда қала әкімі Әмірхан Асан қарсы алып, 6 нысанды аралатып көрсетті.

Алдымен енді басталып жатқан Астана-Арқалық-Торғай-Ырғыз жолдарын қосатын «Орталық-Батыс» күре жолының дайындық жағдайымен таныстырды.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев биыл Бурабайда өткен Құрылтайда Алаш көсемдері Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы туған тарихи өлкеге баса назар аударып, тұтас Торғай өңірінің дамуына тың серпін беретін ауқымды алып жобаны жариялады. Астанадан Арқалық, Торғай және Ырғыз арқылы Транскаспий халықаралық көлік дәлізіне тура шығатын автокөлік жолының құрылысы басталады. «Бір тау бір топ киікті асырайды» дегендей, бұл күшті күре жол —экономикалық күре тамыр болып, бір қауым елге жұмыс беріп, серпіліс жасайды. Арқалықтағы әуежайды қалпына келтіріп,жаңа аэровокзал салынады.

Сол Құрылтайда мемлекет басшысы айтқан Арқалық қаласында салынып жатқан жаңа әуежайдың орнын барып, жоба мәліметтерімен таныстық. 1992 жылы тоқтап қалған әуежай қайта жанданатын болады.

Төрт жыл бұрын парламентте көтерген талабымызға байланысты Қостанай қаласындағы әуежайға Ахмет Байтұрсынұлының аты берілді, құдайға шүкір. Енді Арқалық қаласындағы әуежайға Міржақыптың атын берсек, бастаған істің жақсы жалғасы болар еді.

Алаш көсемдерінің елін көруге келгендерді қос қала Қостанай мен Арқалық әуежайларының қақпасында Ахаң мен Жақаңның қастерлі есімдері қарсы алып жатқаны жарасымды емес пе? Бұл ұсынысты біз парламенттегі депутаттық сауалымызда көтердік.

Бұдан соң Арқалықтағы «Жайлы мектеп» жобасымен салынған №7 жалпы білім беретін мектепке барып, аралап көрдік. Заман талабына сай салынған қазақ тіліндегі 300 орындық мектеп. Құрылысқа 2,6 млрд теңге бөлініп, мемлекет есебінен қаржыландырылды. Бұл – Арқалық қаласында Тәуелсіздік алғаннан кейін салынған алғашқы жаңа мектеп. 2024 жылы 2024 жылдың қараша айында ашылған мектепке сол кезде 316 оқушы қабылданып, екі ауысымда білім алуда. Соның ішінде 42 оқушы – 1-сыныпқа қабылданған. 40 педагог қызмет етеді.Мектеп Арқалық педагогикалық институтымен тығыз байланыста: студенттер мұнда тәжірибеден өтіп, жұмысқа орналасады; институт оқытушылары мектептің қамқоршылық кеңесіне мүше.

Сонымен қатар Арқалықтағы Ы.Алтынсарин атындағы университетке берілетін, студенттер санын екі есе көбейтуге жағдай жасайтын бұрынғы ауыл шаруашылық басқармасының көп қабатты үлкен ғимаратының күрделі жөндеу жұмыстары жоспарымен таныстық. Қаладағы бұрынғы «Горняк» мәдениет үйінің жаңадан ашылатын заманауи мәдениет сарайына айналдыру жобасының құрылысын көрдік.

Сапар барысында жергілікті халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайымен танысып, өзекті мәселелерін тыңдадық. Мен 2022 жылы сәуір айында Мәжіліс депутаты, «Ақ жол» партиясы төрағасы Азат Перуашев мемлекет басшысының елімізде Абай, Ұлытау және Жетісу облыстарын ашқан игі бастамасын қолдай отырып, Арқалық өңірі тұрғындарының сұрауы бойынша бұрынғы Торғай облысын қайта қалпына келтіру мәселесін қарастыруды Үкіметке ұсынғанын айтып едім, бұны Арқалық-Торғай өңірі азаматтары жақсы



білетінін айтып, «Ақ жолға» Ақ тілектерін білдірді.

Арқалықта депутаттық сапармен жүрген әріптесім, белгілі кәсіпкер, Міржақып Дулатұлы туралы депутаттық сауал жасап, Алаш тойына үлкен қолдау жасап отырған Берік Бейсенғалимен кездесіп қалып, алдағы мерейтой жайын сөз еттік. Әңгіме арасында Қайсар Әлім ағамыздың «Міржақып Дулатұлы» атты кітабы шыққанын, енді сол тарихи да, тағылымды кітап түрік тіліне аударылса, бір ғасырдан астам уақыт бұрын қазақты оятқан Ұлт көсемі Міржақыптың ерлікке толы қанмен жазылған қасіретті де, қасиетті ғұмырбаянын әлем елдері де білетін болар еді» деп едім, Берік бауырым сөзге келмей, бірден: «Айтсаңыз болды ғой, Міржақып туралы Қайсар ағамыздың кітабының түрік тіліне аударылып, шығуына қолдау жасаймыз» деді. Міржақып мерейтойы қарсаңында Ұлт көсемі жайлы көрнекті де, көлемді кітаптың түрік тілінде жарық көретініне себепші болғанымызға қуанып кетіп, риза болып, Бекеннің қолын алдым. Сол күні Қайсар көкеме жақсы жаңалықты жеткізіп едім, ауырып жатқан ағамыз қуанғаннан жазылып кетті...



Президенті Қ.Тоқаевтың Арқалық-Торғай өңірінің жайын ойлап, елге сауын айтып жариялаған алып мегажобасы талқыланбауы тиіс.

Сапар қорытындысы бойынша көтерілген мәселелерді Мәжіліс қабырғасында көтеріп, құзырлы органдардың карауына ұсынатынымды жеткіздім.

# АЙТҚЫЗБАЙМЫН»
# ҚАЗІР ҚАЙДА ЕКЕН?!.

### «ӘУЛИЕ АТТАҒАН ОҢБАЙДЫ...»

Айтпақшы, елді елеңдетіп, мазалап отырған маңызды жәйтті айтпай кетуге болмайды. Биыл 14 маусымда Премьер-Министр О.Бектенов Арқалыққа жер қайысқан қол - ауыр техникаларды алып барып, Мемлекет басшысы айтқан «Орталық-Батыс» күре жолы мегажобасының тұсауын кесіп, Ақ жол тілегені белгілі. Бірақ Премьер кеткесін жол салатын ауыр техникалар да жоғалып, көрінбей кетті дейді жұрт. Жол басталды деген хабар техникалар дауысымен дүрілдей бастағанда, асхана ашпақ болып, жол бойына алғаш орналасқан төрт киіз үй әлі жол қарап тұр...

Оған қоса таяуда белгілі журналист Анар Төлеуханның осы «Орталық-Батыс» күре жолы жобасының кешіккенінен күмәнданып, жол бағытының басқа нұсқалары туралы сөз шығуда деген жазбалары жарық көрді...

Бұл туралы Мәжіліс депутаты Берік Бейсенғали да журналистер сұрағына жауап беріп, сондай күдік барын айтты.

Біздің «Алаш көсемдері ауылына неге асфальт жол салынбайды?» деген сұрағымызға Шота бауырымыз: «Біздің Торғай өңіріне жақын жерде асфальт зауыты жоқ. Арқалықтағы асфальт зауытынан шыққан асфальт 300-400 км жерге жеткенше суып қалады да, жолға жарамайды, сапасыз болады. Сондықтан асфальт жол салу жауапкершілігін ешкім мойнына алмайды» деп мәселенің мәнісін айтты.

Ендеше, «Орталық-Батыс» күре жолы іске қосылса, Торғай өңіріне асфальт зауыттары көптеп келе бастайды. Ол кезде Алаш көсемдерінің ауылына асфальт жол салуға болады.

Яғни, «Астанадан Арқалық, Торғай және Ырғыз арқылы Транскаспий халықаралық көлік дәлізіне тура шығатын Орталық-Батыс» күре жолының құрылысы Арқалық-Торғай өңірі үшін қан жүгіретін күретамыр рөлін атқарады. Бұл жобаны тоқтатып, басқа бағытқа аттап кету – Алаш арыстары туған қасиетті өлкеге тартылар күретамырды қиюмен бірдей! Қазақта «Әулие аттаған оңбайды» деген ескіден келе жатқан есті де, ескерту сөз бар екенін еске саламыз. Ұлттық Құрылтайда ҚР

### ӨҢІРДЕГІ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСУ

Үш күндік жұмыс сапарымыздың соңында Қостанай қаласындағы қазақ руханиятының қарашаңырағы саналатын «Қостанай таңы» газетінің редакциясына барып, шығармашылық ұжыммен және өңірге белгілі зиялы қауым, қаламгер-журналистермен жүздестік.

Ашық форматта өткен жиында ұлттық мүдде, тіл, Алаш мұрасы мен өңірдің рухани жаңғыруына қатысты өзекті мәселелер талқыланды. Газеттің директорбас редакторы Кенжеш Оразғалиқызы алғыс білдіріп, қарашаңырақ атынан сый-сияпатын табыс етті.

Басқосуда ұлттық идея мен ақпараттық кеңістіктегі қазақ баспасөзіне қатысты түйткілдер талқыланып, ұсыныстар ортаға салынды.

Мен өз сөзімде сапардың негізгі бағыты – Торғай өңірі болғанын айта келе, әр аймаққа барған сайын қазақ руханиятына қызмет ететін облыстық басылымдарға ат басын бұруды игі дәстүрге айналдырғанымды жеткіздім.

«Біз Парламентте әлеуметтік, мәдени, идеологиялық мәселелермен айналысатын комитет мүшесіміз. Қасиетті Торғай жеріне келгенде Алаш көсемдері Ахаң мен Жақаңның басына арнайы барып, сол жолдың жағдайын көзімізбен көрдік. Қазір жол салынып жатыр, тойға дейін бітіп қалар деген үміт бар», – дедім.

Міржақып Дулатұлының 140 жылдық мерейтойының жоғары деңгейде өтуіне атсалысып жүргенімізді, бұл тойдың облыстық деңгейде қалып қоймауына байланысты депутаттық сауал жолдағанымды мәлімдедім. Сонымен қатар мемлекеттік тіл мәртебесі, ұлттық идеология, латын әліпбиіне өту де күн тәртібінде тұруы тиіс екенін баса айттым.

«Менің парламенттегі алғашқы депутаттық сауалым – Мемлекеттік тіл, Алаш, ұлттық идеология. Бұл біздің бағытымыз. Мемлекеттік тіл туралы заң керек. Бұл – ұлттық қауіпсіздік мәселесі», – деп, өзімнің берік ұстанымымды жеткіздім. Жергілікті БАҚ-тың қоғамдағы орны мен елдік мүддені қорғаудағы рөліне тоқталып, ақпарат саласында еңбек етіп жүрген мамандарға табыс тіледім.



Облыс әкімінің орынбасары Бақытжан Нарымбет Міржақып Дулатұлына ескерткіш орнату, 140 жылдыққа 140 шара өткізу, жол мәселесін шешу, Торғай музейін жаңғырту сияқты бірқатар жұмыстар атқарылып жатқанын баяндады. Рухани көсемге арналған ескерткіштің соңғы нұсқасы бекітіліп, Қостанай қаласындағы Міржақып көшесі мен Тәуелсіздік көшесінің қиылысына орнату жоспарланғанын мәлімдеді.

Мерейтойлық іс-шаралар қыркүйек айына жоспарланып отыр. Бұл күнді облыс көлемінде өтетін негізгі салтанатты шаралардың шарықтау шегі десе де болады. Жалпы, мерейтой мемлекеттік деңгейде қолдау тапқан. Осыған орай 140 іс-шара бекітілді және олардың біркатары өткізіліп те үлгерді.

Инфрақұрылымдық жобалар да қатар атқарылуда. Қызбел мен Бидайық арасындағы жол жөнделіп жатыр. Ахмет Байтұрсынұлы ауылы бағытындағы жолды көктемгі су тоғыз жерден бұзып кеткен. Қазір қайта қалпына келтірілуде. Аққөл жақтан 50 шақырым жолды «Алюминстрой» компаниясы қолға алып отыр. Тойдағы маңызды бағыттардың бірі – Торғай селосында өтетін ғылыми-практикалық конференциялар, республикалық ақындар айтысы, спорттық жарыстар сияқты мазмұнды шаралар өткізу. Бұл тек мерекелік сипаттағы іс-шаралар ғана емес, елдік маңызы бар, ұрпақ санасына Алаш мұрасын сіңіретін тәрбиелік мәні зор жиындар болмақ.

Белгілі журналист, газет ардагері Жайберген Болат бүгінгі қазақ газеттерінің жағдайына алаңдаушылық білдіріп, газетке лот бөлу жүйесін қайта қарау, журналистерге шығармашылық еркіндік беру, Парламент аппаратында сараптама орталығын құру туралы нақты ұсыныстарын білдірді.

«Газетте қырық жыл жұмыс істедім. Өмірімде редакцияға Парламент депутатының, Қазыбек Исадай халық қалаулысының келіп, жағдайымызды сұрап, ортамызда отыруын өз басым алғаш рет көріп отырмын. Сол үшін сізге алғыс білдіремін. Айтайын дегенім, қазақ газеттерінің жағдайы қазір алаңдатарлықтай. Қанша дегенмен, заманға ешкім қарсы тұра алмайды. Блогер, интернет желілері бәрібір газетке жетпейді. Газетке дәстүр бойынша жылда лот бөлінеді. Сол белгілі ресми тақырыптарды сәл басқа бір жолдармен азайтып, журналистерге кеңірек тақырыпты қозғауға мүмкіндік берілсе құба-құп болар еді. Бұл жақсы ой тудыруға себеп болады. Екіншіден, біліктілікті арттыруға жол ашады. Сосын таралым мәселесі де қазір өте қиын. Газеттің тірегі ауылда болғандықтан, сол жақтарға көбірек тарату жолына көңіл бөлінсе. Ол үшін Парламент аппаратында сараптау орталығын құру қажет болады», – деді Жайберген Болатов.

Белгілі ардагер журналист Нәзира Жәрімбет қандастар тақырыбын сөз етті.

– Рудныйда бұрын бір мектепке бала санын толтыра алмайтын. Қазір үш-төрт оқу орнының өзіне бала сыймай жатыр. Жаңа оқу жылында осы мәселеге байланысты ата-аналар хабарласып жатады. Болмағасын, орыс мектептерінің босап қалған орындарында оқытып жатыр. Оның жақсы бір тұсы, облыста қазақ тілінің қолданыс аясын кеңеюіне осы қандастардың әсері мол болып отыр. Қазір қала қазақша сөйлеп тұр. Бізге Өзбекстан елінен қандастар көп келеді. Олардың жоқ дегенде үйінде үш-төрт баладан бар. Менің ұсынысым, қандарстарға берілетін квотаны көбейтсе», – деді Нәзира Жәрімбет.

Ал белгілі ақын, ғалым, «Ақ жол» партиясы ұйымдастырған халықаралық мүшәйралар мен «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» республикалық бәйқауының жүлдегері Ақылбек Шаяхмет тұлғалар есімін жаңғырту, атап айтқанда Алаш арысы Елдос Омаров сынды ұлт қайраткерлерінің есімін дәріптеу керектігін қозғады.

Зиялы қауым өкілдері тарапынан маңызды ұсыныстарды назарға алып, тиісті органдарға жолданатынын айттым.

Қостанай облысындағы жалпы көлікпен 2 мың шақырымнан асқан жолсапарымызда Алаш көсемдері Ахаң мен Жақаң туған Торғай өңіріндегі екі күндік сапарда 630 км жолсыз, қара жолмен жүруге тура келді.

«Әулиелерге барсаң, ұзақ жүріп, қиналып бару керек» деген екен ғой!

Зияратымыз қабыл болсын!

«ОЯН, ҚАЗАҚ» деп ұран тастаған ҰЛТ КӨСЕМІНЕ жасайтын құрметімізге қарап, 116 жылдан кейін ОЯНҒАН-ОЯНБАҒАНЫМЫЗ БЕЛГІЛІ БОЛАДЫ!

Алаш үшін айрықша айтулы датаны мемлекеттік деңгейде атап өте алмасақ, бұл – тек тарихи әділетсіздік болатыны анық.

Ең бастысы, Ұлт көсемдерін ұлықтай білу – ұлттығымызды, елдігімізді білдіреді.

Алла жар болсын Алашқа!

Ақ жол!

**Қазыбек ИСА,**
**ақын, ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты**

АСТАНА – ҚОСТАНАЙ – ТОРҒАЙ – ҚЫЗБЕЛ – БИДАЙЫҚ – КӨЛҚАМЫС – АҚКӨЛ – АМАНГЕЛДІ – АРҚАЛЫҚ – ҚОСТАНАЙ – АЛМАТЫ

*2025 жыл, 1-3 шілде*

**Ардақты әріптесіміз, «ҚР ақпарат саласының үздігі», «Қазақстанның құрметті журналисі», республикалық «Қазақ үні» газеті бас редакторының бірінші орынбасары Зейнолла Абажанның дүниеден озғанына да арада бір жыл өте шығыпты. Қашанда жүрдек қаламын қару етіп, шындық пен әділдіктің сөзін сөйлеген қайраткер журналист өз пікірін ашық айтып, таразылай білген ардагер азамат-ты. Қай тақырып болсын еркін игерген ол саясат, экономика, өнеркәсіп, қоғамдық-әлеуметтік және мәдениет пен әдебиет тақырыбына да кәсіліп жазып, үнемі өзі шексіз сүйген халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтады.**

**Таяуда ақын, Халықаралық С.Есенин атындағы сыйлық – «Алтын күз» орденінің иегері, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қазыбек Исаның жетекшілігімен Зейнолла Абажан туралы «Ақпарат абаданы – Зейнолла Абажан» атты кітап жарық көрді. Төменде сол кітаптан үзінді ұсынылып отыр.**



# ӨЛДІ ДЕУГЕ

## ЗЕКЕ, СЕНДЕЙ ДОС БАР МА?

– Ата, неге көңілсізсің? – деп сұрады сұрады оныншы сыныпта оқитын немерем Жасмин.

– Досым қайтыс бопты. Содан жаным жай таба алмай отыр.

– Жақын досың ба еді?

– Жақын болғанда қандай? Бір үзім нанды бөліскен, студенттік өмірдің ащы-тұщысын бірге көрген, ешқашан шәй деспеген қимас досым еді. Айтпақшы сен оны көргенсің. Екеуміз Шымкентке кетіп бара жатқанда Алматының вокзалында күтіп алған. Бірақ ойыңда жоқ шығар. Сен тым кішкентай едің.

– Білем, білем. Бізді вокзалдың жанындағы кафеге апарған әдемі ата ма? Ол кісі маған 5000 теңге ақша берген. Бетімнен сүйген.

«Адамның жақынын бала мен ит біледі» деген ғой. Арада оншақты жыл өтсе де, Зейнолла атасын ұмыта қоймаған немеремнің жадысына таң қалып, біраз отырып қалыппын. Көз алдымнан сол күн тізбектеліп өте шықты.

Немерем екінші сыныпты бітіріп, каникулға шыққан кез. Екеуміз Шымкентке барып қайтайық деп шештік. Зейнолламен күнара телефонмен сөйлесіп жүретінмін.

– Ал досым, Шымкентке жол жүргелі жатырмын. Алла сәтін салса ертең пойызға отырмақпыз, – дедім кезекті хабарласқанымызда.

– Әй мынауың күшті хабар болды. Екінші Алматының вокзалында күтіп аламын. Әңгімемізді содан кейін жалғастырайық.

Уәделі күн де келді. Өскемен мен Алматының арасы бірқауым жер. Пойызымыз оңтүстік астанаға түс әлетінде жетті. Тықыршы күтіп тұрған Зекең көзіме оттай басылды. Түр-тұлғасын көріп, тәнті болдым. Алпыстың ішін аралап кеткен Зейнолла әлі өңін бермепті. Шашы да қап-қара. Бір-біріміздің қабырғаларымызды күтірлете қысып, құшақтасып жатырмыз.

– Әй, мынау атасының қызы ма? Дұрыс айналайын, атаңның артынан қалма. Мен де кемпір-шалдың қолында өскенмін. Тәрбиең мықты болады.

Зекең немеремнің бетінен сүйді де қалтасына бірдеңе салып жатты. «Ал Беке, деді сосын, жаңа кестеден көрдім, пойыз мұнда жарты сағат аялдайды екен. Мына жазғы кафеге кірейік. Жолдан келесіңдер, жүрек жалғап алайық. «Зеке, ашығып үлгерген жоқпыз» дегеніме қараған жоқ. «Қане, давай, давай» деп жол бастай жөнелді.

Тамақты апыл-ғұпыл ішіп, әңгіменің тиегін ағытып жатырмыз. Дүниеден ерте өтіп кеткен Насыр, Оразбай, Баймұхан, Рахымбай, Мұхаметәлі, Әлиақпар сынды асыл азаматтарды қамыға еске алдық. «Уақыт қандай жүрдек. Біз де алпыстан асып барамыз», деп бір-бірімізге барлай қарап қоямыз. Содан кейін Зейнолла бір қиғылықты бастады. «Бек, енді қашан кезігеміз. Сен былай істе. Вагоныңа кір де заттарыңды алып шық. Мынау тұрған Шымкент қой. Ертеңгі пойызбен барсаң да болады. Мен «қой, қойлап» безек қақтым. Анда қарындастарым күтіп отыр. «Өскеменнен ағамыз келе жатыр. Бірге болыңдар» деп қонақ шақырып қойған, деймін.

Зекең қарқылдап бір күліп алды.

– Бұл провакациям өтпей қалды, – деді сосын. Онда сен былай ет. Кері қайтарыңда тағы хабарласып, пойызыңның шығатын күнін айт. Тағы күтіп аламын. Көптен көріспей тіпті мауқымыз басылмай қалды ғой.

Пойыздың жүретін уақыты да болып қалды. Зейнолла қолыма манадан бері ұстап жүрген пакетін ұсынды. «Мә, мына өзің тапсырған ыдыс-аяқтар».

Жолға қарбалас жиналып жатқанымызда, шынаяқ-қасықтар столдың үстінде ұмыт қалып кеткен екен. Соны телефонмен Зекеңе айтқанмын. Бұйымтайымды ұмытпапты. Ала келіпті. Ішінде азды-көпті жол азықтық сәлем-сауқаты және Қалыбектің «Ауылдың ақ таңдары» кітабы бар.

Сол қасықтардың бірін әлі де тұтынып келемін. Бұрын Зейнолланың қасығы деуші едім. Қазір досымның көзі деймін. Көзіме жылуышырайды да тұрады. Шай ішерде алдымен соны қолға аламын.

Пойыз сықыр-сықыр етіп қозғала бастады. Қолын бұлғап Зекең қалды. Немерем екеуміз елде аунап-қунап оншақты күн жаттық. Қайтатын күн де келді. Пойызға билет алдық. Бірақ Зейноллаға жолға шығатын күнді айтпадым. «Қайта-қайта әуреге салып қайтемін. Ел жаққа әлі талай жол түсер. Талай-талай жолығармыз, деп ойладым.

Өскеменге оралған соң бірақ хабарластым. «Бек-ау, мені несіне аядың. Астымда машина. Түк қиналмастан, жетіп-ақ келер едім» деп қынжылып жатыр. Мен ақталып әлекпін.

Зекеннің өмірінің соңына дейін телефонмен қатынасымыз үзілген жоқ. Кейде сағаттап сөйлесеміз. Сонда өресінің әлдеқайда өсіп кеткенін, нағыз қайраткерлік деңгейге жеткенін, елім деп еңіреген ерге айналғанын аңғаратынмын.

«Мені әкімдіктегілер жек көреді. Себебі жиналыстарда тыныш отыра алмаймын. Кемшіліктерін беттеріне шыжғырып айтамын. Өзім де кезінде сонда істегенмін ғой. Ішкі кухняларын жақсы білемін. Бәрі өтірік ақпар береді. Онда шындықты айқызбайды. Бәрін солай тәрбиелеп тастаған. Жалпы билікте адал адамның жұмыс істеуі некен-саяқ», – дейтін күйініп.

Қайсыбірін айта бересің, Зекеннің мұндай трактаттары көп еді. Олардың бәрін өзімен бірге алып кетті. Зекең күнде есіме түседі. Вокзалда қол бұлғап тұрған бейнесі көз алдымнан кетпейді. Шіркін-ай сол сәтте мұның соңғы кездесуіміз екенін білсемші. Енді не деймін? Зейнолладай дос қайда? Зеке, Зеке, Зекетайым, деп күңіренемін. Жүрегім қан жылайды. Қимас досымды аңсаймын да жүремін.

Айналайын ақжарқын, ақкөңіл, адал досым, жатқан жерің жайлы, алдың пейіш, артың кеңіш болсын!

**Бекәділ СӘДІБЕКОВ,**
**досы**



## ЗАМАН ШЫНДЫҒЫН ЖАЗҒАН ҚАЛАМГЕР

Журналистер қауымы стресі көп кәсіпті меңгергеніміз белгілі. Ақиқат үшін күрес оңай емес. Орда бұзар отыз жастан асқанымызда, социалистік дәуірден жабайы капитализмге топ ете түстік. Қайта құруды, өтпелі кезеңді бір кісідей басынан өткеріп, жүрегінен өткізе жазған қаламгерлердің бірі –өзіміздің курстасымыз, қазақтың белгілі көсемсөзші, публицисті Зейнолла Абажанов.

Тәуелсіздік өзінен-өзі орнай қалған жоқ. Ел тарихының ақтаңдақтарын толтыру, Ана тілінің мәртебесін көтеру, туған жердің сатылуына жол бермеу, ұлттық құндылықтарымызды қорғау – міне, осы тәрізді іргелі мәселелерді жариялылық негізінде ашық талқылап, өрелі ой айту, сараптау мақалаларын жазу – біз білетін қайтпас қайсар қаламгер Зейнолла Абажановтың қолтаңбасына тән еді.

Зекең өзі қалам қарымын танытқан, тілші, жауапты хатшы, Бас редактордың орынбасары, Бас редактордың бірінші орынбасары болып қызмет атқарған «Жетісу», «Алматы ақшамы», «Өркен», «Қазақ әдебиеті», «Заң», «Қазақ үні» газеттерінде өткір, заман ақиқатын талдап көрсеткен мақалалар жазды.

Прозашы ретінде де заман шындығын көркем тілмен кескіндеген реалистік әңгімелері мерзімді басылымдарда жарияланып тұрды. Теңіздің дәмі тамшыдан біледі. Баспамызда дайындалып жатқан прозашылардың жинағына Зекең өз қолымен «Арбакештің ақыры» әңгімесін ұсынған болатын. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары өтпелі кезеңдегі жаппай жұмыссыздықта бір-біріне қол ұшын беріп, қатар жүрген ауылдас қос жігіттің тағдырынан сыр шертетін әңгіме тарихи шындығымен құнды. Тілі көркем. Базардағы арбакештер мен күзет қызметіндегілер арасындағы текетірес, оңай ақша табу үшін қоқанлоққы көрсету тәрізді жымысқы әрекеттер әңгіме өн бойында ширыға түседі. Жаппай жекешелендіру, жұмыс орындарын тарату салдарынан жұмыссыздық қаулаған өрттей қаптады. «Арбакештің ақыры» әңгімесіне арқау болған бұл базарда кім жоқ дейсіз. Барлық мамандықтың иелері осында. Күні кеше атағы жер жарған зиялы, білікті дәрігер, ұстаздар да жүр.



# СЫЙМАЙДЫ



Бас кейіпкер Айдос өз табиғатынан асып кете алмайды. Әділетті жақтап қария кісіге қол көтерген дөкір мінез күзет бастығын орнына қояды. Адал, бір сөзді, ойлаған ойын тура айтатын шыншыл, әрі батыл, ержүрек азаматтың бейнесі сомдалады. Бірақ, өкінішке орай біздің адамгершілік құндылықтар астан-кестең болған, нарық билеген қоғамда мұндай адамдарға орын бар ма? Шындыққа шыдай алмаған кекшіл күзет бастығы жымысқы әрекетпен ақыры нар тұлғалы азаматтың соңына түсіп, қара күш иелерінің қолынан мерт болуына себеп болады.

Осы шағын әңгіменің өзінде жазушы Зейнолла Абажанов әлеуметтік қайшылықты, өмір шындығын шебер жеткізеді. «Әттең-ай», – дейсің, – «Егер шынымен әділетті қоғам болса, Зекең сияқты қазақтың тума талантты, тура биде туған жоқ деген азаматы прозалық шығармасын да әлдеқашан мемлекеттік қолдаумен жарыққа шығарған болар еді ғой».

Көп балалы, үлгілі отбасының тұңғышы Зекеңнің бойынан үлкенге іні, кішіге қамқор бола білетін бауырмалдық қасиет айқын көрінетін. Жауапкершілікті мойнына ала білетін ұйымдастырушылық қабілетінің өзі «Ұлжан» атты үлкен ауылдың іргесін қалап, жеке елдімекен ретінде бой көтерткен кезінде айрықша көрінді. Уәдесіне берік әкім ретінде ауылдастары ерекше қадірлейді.

ҚазҰУ бітіргенімізге 40 жыл толған уақытта курсымыздың тарихи кездесуін ұйымдастыру, өткізу кезінде Зекең парасатты ақылымен, сабырлы мінезімен, бауырмал әрі іскерлік қасиеттерімен ерекше танылды. Асабамен келісу, қонақүй, мейрамхана таңдау, бақилық болған ұстаз, курстастарымызға құран бағыштайтын мешітке дейін ұйымдастырушы топты жеңіл көлігімен алып жүріп, өзі бас болып келісім жүргізді. Мұндай істің ешқайсысында ұсақ-түйек болмайды. Өзара келісіп, шүйіркелесе жүріп, «Тойдың болғанынан болдысы қызық» дегендей қат-қабат тірлікті бір кісідей жұмыла атқардық. Тойға жиналған курстастарымыздың біразын таңертеңнен теміржол вокзалына барып күтіп алып, қонақжайлықпен өз үйінде отбасымен ақ дастархан жасап қошеметтеді. 80-нің сеңгіріне шығып, үйінде балаларының қарауымен отырған кураторымыз Тұрымтай Дүйсебаева апайымызды тойға шақырудан бастап, кездесу күні жағдайын жасап, жеңіл көлігімен алып жүру, үйіне шейін шығарып салу тәрізді үлкен адамгершілікті байқататын істің бәрін Зекең өзі міндетіне алып, асқан жауапкершілікпен атқарды.

Зекең бас редактордың бірінші орынбасары боп жұмыс істеген «Қазақ үні» газеті курсымыздағы кез-келген курстастың өміріндегі жарқын жаңалықтарын жазып, оқырманға дер кезінде таратып отырғанына алғысымызды айтамыз.

«Molia & DOS» баспасында «Махаббат жырлары» атты қазақ ақындарының жыр жинағын шығарып, тұсаукесерін Алматыдағы Ұлттық кітапханада өткізгенде курсымыздан белгілі баспагер Балжан Хабдина досым мен «Қазақ үні» газеті бас редакторының бірінші орынбасары Зейнолла Абажанов арнайы шақыруымызбен қатысты.

Республикамыздың түкпір-түкпірінен келген ақындар, қаламгерлер бас қосқан сол жиында біраз суреттер түсіріп, бейнебаян жазғанбыз. Зекеңнің ресми іс-шарада курстасымыз Балжанмен, басқа да көпшілікпен түскен сондай суреттеріне қарап, бір үйдің баласындай туыс боп кеткен қамқорлығы, бауырмалдық ақ пейілі еске түседі. Ауырғанын білдірмей, өмірге даналықпен қарап, жолынан жаңылмаған қайран Зейнолла ағамыз басқа курстастарымен де дәл осындай ақ еділ көңілімен араласқанына куәміз.

Өмір деген сол, бұл өмірде бәріміз қонақпыз. Біреу ерте, біреу кеш мәңгілік мекеніне аттанады. Отбасы, артында қалған ұрпағы, туған-туысқандары, достары, жора-жолдастары аман болсын! Зекеңнің рухы халқымен бірге мәңгі жасай берсін!

**Баян БОЛАТХАНОВА,**
**Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,**
**Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері,**
**«Molia & DOS» ЖШС директоры**



# ЖҮРЕГІМНІҢ ТӨРІНДЕ АСЫЛ БЕЙНЕҢ...

Зейнолланың бұл дүниеден өткеніне де жылжып жыл өте шығыпты. Қимастықтан көз жасымыз төгілді, жүрегімізді өкініштің оты шарпыса да, бір-бірімізді жұбатып, сабырға келуге тырыстық. Оның өткен өмірі көз алдыма қайта-қайта келіп, жүрегімді сыздатады. Ол әрдайым мені қолдап, сезімді сөйлетін. Жаны жомарт, жүрегі таза, мейірімді адам еді... Отбасымыздың тірегі болған аяулы азаматты қалай ғана ұмытайын?

Иә, ер азамат түздің адамы дейтін дана халқымыз отағасын сапарларға шығарып салып, сәт сапар тілеп қала беретін аяулы аналардың жалғасы болдық десем артық айтқандық емес. Журналистің жары болу деген сөз оның қиындығы мен қызықшылығы қатар жүретін мамандығының дәмін бірге тату деген сөз. Зекең де өз қызметін адал атқарған арда азаматтың бірі болды деп ойлаймын. Еліміздің әрбір аймағын аралап, өндіріс орындарының қайнаған тыныс-тіршілігімен танысу арқылы сол өңірдің экономикалық, әлеуметтік хал-ахуалы туралы терең толғап мақала жазу – оның кәсіби міндеті болатын. Иә алысқа іс-сапармен кетсе, аман-есен үйге оралуын тілеп отыратынмын. Одан әрі жиған-терген материалынан жақсы бір дүние шығару үшін жұмыс үстеліне отырған мезетте үйде қолайлы жағдай туғызуға барымды салатынмын.

Иә, ол отбасымыздың тірегі ғана емес, ауыл-аймақтың да, ағайын-туғанның арқасүйер азаматы еді. Алыстағы ағайыннан хабар алып, әрбірінің амандығын біліп отыруды өзінің парызы санайтын. Жырақта жүргендіктен болса керек, ағайын үшін бәрінен бұрын Зекеңнің жаны ауырып тұратын.

Ал өзі негізін қалауға атсалысқан «Ұлжан» ықшамауданы десе, шығарда жаны бөлек болатын. Көшенің әрбір тасы, әрбір қуысына дейін ыстық болатын Зекеңе. Осы алақандай ауылдың жарығы, жылуы, суы, сонымен қатар, мектебі, ауруханасы сынды маңызды нысандардың бой көтеруіне ықпал етіп, қаншама тер төкті. Ауылдың Әкімі атанған Зекеңді еңкейген қариядан, еңбектеген балаға дейін өте жақсы білетін. Ара-тұра ағалап, амандаса кетейік деп келетін інілерінің қарасы да көп болатын. Олардың төбесін көрген сайын бір марқайып қалатын өзі. Көшеде көріп қол созатын кішкентай балаларды көрсе де емірене, өбектей қалатын. Балам деп бауырына басып, олардың әрқайсысының болашақтарының жарқын болуын тілейтін.

Қатерлі дертке шалдығып, ем ала бастағанда ауыл жұртшылығына айрықша жақындай түсті. Аулаға жиі шығып, олармен әңгіме дүкен құруды да дағдыға айналдырды. Ойлап қарасам, ауыл аймақтағы әрбір жаны ізгі жандармен жолығуының өзі әрқайсысымен қоштасқаны екен ғой...

Өмірінің соңғы жылдары қызмет еткен халықтың үніне айналған, ұлттың мүддесін қорғап келе жатқан басылымның бірегейі – «Қазақ үні» газетінде еңбек ету арқылы күшіне күш, қайратына қайрат қосқандай болды. Тіпті, осы мезеттерде меңдеген сырқаттарға да бой алдыра қоймайтын. Сөйтсем әрбір кейіпкермен жолығып сырласқан сәтте көңіліне нұр құйылып, өмірге деген құлшынысы да арта түседі екен ғой...

Өзі газет шығатын күні аздап шаршаңқырап қалатын. Бірақ ертесі күні газетті қолына алған сәтте-ақ бар шаршауым басылатын деп отырушы еді... «Қазақ үні» газетінің өзі қызмет атқарған жылдардағы әрбір нұсқасын көзінің қарашығындай сақтап, жинақ етіп жасап қоятын. Көп дүниеден сыр шертетін сол бір газеттер әлі күнге үйіміздің төрінде сақтаулы тұр.

Арамызда ерекше, сөзбен жеткізе алмайтын терең байланыс болды. Қайда жүрсе де, не істесе де, мен оны үнемі ойлап, іздеп отыратынмын. 30 жыл бірге ғұмыр кешіп, енді оны жоқтау өте ауыр. Бұл қайғыны жүрекпен қабылдау – жан дүниеме жеңіл болмады.

Кеше ғана қасымда жүрген жанның енді мәңгілік сапарға кеткеніне сену әлі де қиын. Олсыз өмір өз арнасымен жалғасып жатса да, мені іздеп тұратын оның асыл бейнесі жүрегімнің төрінде сақталып қалды. Ол өмірден озса да, менің жүрегімнен өшпек емес.

Соңғы рет аурухананда жатқанда: «Мен өлімнен қорықпаймын! Осы күнге дейін жеткеніме де сансыз шүкір. Талай дерттен айықтым, бұл сырқатты да жеңіп шығамын», – деп үмітпен қараған еді. Бірақ сол үмітпен мені жұбатып, өзі мәңгілікке аттанып кетті. Амал нешік. Бәрі Алланың жазуы. Ажалдан ешкім қашып құтыла алмайды екен.

Жатқан жерің жайлы, мәңгілік мекенің жәннаттан болсын, мен үшін ғана емес, ағайын-туған, дос-жаран, ауыл-аймақ және де әріптестері мен оқырмандары үшін де ардақты болған абзал жан!

**Адалят ҚАБИОЛЛАКЕЛІНІ,**
**Зейнолла Абажанның зайыбы**

№36-37 (1165-1166) 15.09 - 22.09.2025
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

**Меня всегда интересовала судьба журналистов. Все-таки профессия не только интересная и специфическая, но и опасная и стрессовая. Однако в случае с Абажаном Зейноллой Кабиуллаулы (1953-2024), известным журналистом, проработавшим к тому же заместителем главного редактора газеты «Қазақ үні», оценка его как журналиста будет неполной, если не учесть его общественную работу акимом в течение 10 лет в прошлом. О которой в редакции никто не знал до последнего времени.**



# ЗЕЙНОЛЛА АБАЖАН – ОРИГИНАЛЬНЫЙ СПЛАВ ИССЛЕДОВАТЕЛЯ, ЖУРНАЛИСТА И ПРАКТИКА

### ОПЫТНЫЙ ПУБЛИЦИСТ С ОСТРЫМ ПЕРОМ

Ведь это феномен: журналист, критиковавший государственные органы, сам оказался в роли «народного акима» и должен реализовывать свои идеи на практике, вовлекаться в общественную жизнь и проявлять активную гражданскую позицию на благо жителей района, когда на время отошёл от журналистики и взял на себя ответственность за новый район.

Без сомнения, Зейнолла аға – опытный публицист с острым пером, удачно сочетавший сплав художественно-публицистических и аналитических элементов. Его публицистика стала поистине оригинальным сплавом исследователя, журналиста и практика – проявилась его работа в «Қазақ әдебиеті». Практика – это работа акимом.

Зейнолла аға родился 2 января 1953 года в селе «Үлгілі» Иса Байзаковского сельского округа Иртышского района Павлодарской области. В 1970 году окончил Иртышскую казахскую среднюю школу, а с 1971 по 1973 год служил в армии.

После окончания Казахского национального университета работал на киностудии «Қазақфильм», в газетах «Жетісу», «Алматы акшамы», «Өркен», «Қазақ әдебиеті», «Заң», «Дала мен қала». Поработав в этих известных в республике изданиях, Зейнолла Кабиоллаулы стал заместителем главного редактора республиканской общественно-политической газеты «Қазақ үні», где проработал многие годы, даже после выхода на пенсию.

Являясь опытным и профессионально квалифицированным специалистом, он своими статьями в «Қазақ үні» прокладывал пути для решения актуальных проблем общества, реально став рупором издания.

В каждом номере публиковались его актуальные, глубокие и проникнутые национальным духом интеллектуальные материалы. Его острый стиль и поднятые им проблемы вызывали интерес у многих читателей.

Обширные познания Зекең в экономике, производстве, промышленности, работе государственных органов и т.д., по моему мнению, имеют истоки в тех годах, когда он был «народным акимом» при строительстве нового микрорайона «Улжан». Кто строил дом «с нуля» на новом месте, тот на практике знает, сколько проблем, очень сложных, порой нерешаемых годами, ждут во время строительства. И на практике досконально знает, как проводятся вода, газ, свет, интернет, как строятся дома, дороги, социальные объекты и т.д.

То есть экономику, строительство и социалку строители знают не понаслышке, а на практике. Не говоря о том, что строительство района даёт большую информацию о строительных материалах, большая часть из которых – импортная. И работа «народным акимом» дала Зекең практические знания об экономике, строительстве, работе госорганов и т.д. Чтобы была понятна роль Зейноллы Кабиоллаулы в строительстве микрорайона, приведём письмо от самих жителей «Улжана».

### ЖИТЕЛИ «УЛЖАНА» НЕ ЗАБУДУТ ВАШИХ ДОБРЫХ ДЕЛ

«Микрорайон «Улжан» в Алматы, основанный в первые годы независимости, сегодня превратился в благоустроенный населённый пункт со всей необходимой инфраструктурой. Жители «Улжана» хорошо зна-



ют, что за этим строительством стоит огромный труд нашего Зейнолла аға Абажана.

Сам я переехал в «Улжан» в 1998 году. Тогда мы только начинали строить дом. И Зейнолла аға поделился своей братской мудростью, секретами строительства и реально помог мне советами в строительстве дома.

Поскольку наш «Улжан» только зарождался, для жителей очень сложными были проблемы с питьевой водой, электричеством, дорогами и газом. Зекең начал решать эти сложные и трудные проблемы. Местная община единогласно избрала нашего Зейнолла аға Абажана акимом микрорайона, выразив ему огромное доверие.

Наш народный аким упорно трудился, чтобы преодолеть многие препятствия и решить проблемы. Он неустанно трудился вместе с жителями и народными избранниками, строя важные здания, необходимые людям, такие как больницы, школы и детские сады.

«Светлое будущее нашей страны в руках образованного поколения. Каждое молодое поколение имеет право на бесплатное образование в своей родной стране. Несмотря на сложившуюся ситуацию, в микрорайон «Улжан» по-прежнему переезжает много людей. Учитывая, что в нашу школу приходит учиться половина учеников из микрорайонов Улжан-2 и Дархан, то этой школы на 600 мест нам недостаточно. Нужно построить большую школу на 1200 мест. Этого мы требуем», – заявил народный аким, передавая требование народа властям и выражая их желания. В акимате заявили, что все документы на учебное заведение готовы, но ждать придётся ещё год.

Зекең согласился с этим предложением, но настоял на строительстве школы на 1200 мест любой ценой. И вот, бла-



годаря настойчивости Зекең, в течение года для учеников была построена великолепная школа.

Каждое здание в микрорайоне «Улжан» было построено не само по себе, а лишь в результате усилий Зекең по написанию писем в акиматы, приглашению представителей СМИ и преданию огласке недовольства местных жителей по их просьбе.

Нашему микрорайону повезло – его благополучие произошло благодаря упорному труду этого выдающегося человека, который так много сделал для его развития. Он отложил в сторону свои личные дела, журналистику и посвятил все силы созданию комфортных условий для жителей. С такой задачей справился бы не каждый человек.

Когда думаю об этом, я понимаю, что он делал ту работу, которую выполняют обычные акимы, возглавляющие не маленький, а большой район, но делал её бесплатно, не получая ни копейки от государства, наш дорогой Аға...

Вы были не просто одним из выдающихся людей, неустанно трудившихся ради своего народа, вы были уникальным, наш дорогой Зекем...

Воистину, Зейнолла аға был уникальным человеком. Доброе имя нашего благородного аға навсегда сохранится в сердцах всех жителей «Улжана»...

Сегодня мы с гордостью можем сказать, что каждое здание в благополучном микрорайоне «Улжан», построенное для народа, носит на себе подпись, печать нашего Зейнолла аға.

Наконец, вопрос о переименовании улицы Күреңқұлақ в микрорайоне «Улжан», где проживал ағамыз, в честь Зейноллы Абажан ранее поднимался активистами села... От имени жителей, обратившихся с этой просьбой, также было направлено письмо в администрацию города. Теперь, если требования народа будут выполнены, имя нашего любимого земляка навсегда останется в памяти народа...».

Ербол Байқаш, житель микрорайона «Улжан» (вольный перевод с казахского – Д.Е.).



### АБАДАНҒА АЙНАЛҒАН АБАЖАНЫ

Действительно, Зекең годами работал бок о бок с жителями и был предан общему делу, работал со многими людьми, сажая деревья и строя дороги, и сегодня в «Улжане» это подтвердят все жители микрорайона. Зекең целыми днями пропадал на своей общественной работе по строительству микрорайона, а вечерами его дом нередко превращался в народный штаб местных жителей – это были настоящие планёрки рабочего процесса.

Ещё при жизни Зекең улицу Күреңқұлақ называли улицей Акима – столь было велико уважение местных жителей.

После окончания строительства в «Улжане» Зекең вернулся к любимой журналистике.

Зейнолла Кабиоллаулы и в журналистике был «народным акимом»: он открыто смотрел правде в глаза и боролся за справедливые решения, резко критиковал ошибочные решения и нерентабельные проекты правительства, умел открыто высказывать своё мнение, был неравнодушным к недостаткам состояния общества. Отличался преданностью и прямотой по отношению к друзьям и товарищам. Он обладал удивительным, уникальным чувством юмора, способным разрядить любую ситуацию.

Зекең был журналистом, свободно владеющим любой темой: много писал о политике, экономике, промышленности, общественных и социальных проблемах, а также о культуре и литературе, проявляя свои знания и талант исследователя.

Зейнолла Абажан выделялся в казахской журналистике своим уникальным исследовательским мастерством, потому что следовал главному принципу журналистики – правде.

Независимость не пришла сама собой. Заполнение пробелов в истории страны, повышение статуса родного языка, предотвращение «продажи» нашей Родины, защита наших национальных ценностей – вот отличительные черты неукротимого и стойкого Зейноллы Абажан, который открыто и публично обсуждал столь основополагающие вопросы, высказывал свои мысли, писал аналитические статьи.

Очень ёмкую и точную оценку деятельности Зейнолла аға в поздравлении с его 70-летием дал известный поэт Қазыбек Иса, депутат Мажилиса парламента РК:

«Жазарыңыз – қазақтың
жан азабы.
Інілердің болдыңыз ағажаны.
Қазақ үнін жеткізер
Зекең елдің, –
Абаданға айналған Абажаны!».

Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын, ел Ағасы!

**Дастан ЕЛДЕС**

# ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА КАЗАХСТАНА – ГЛАВНОЕ

**Президент Касым-Жомарт Токаев выступил с ежегодным Посланием. В этой речи глава государства задал вектор развития страны на ближайший год и сформулировал ключевые задачи для правительства, министерств и акиматов, пишет digitalbusiness.kz.**

**Все, что прозвучит в Послании, станет официальной повесткой для всего госаппарата. Обычно такие выступления касаются экономики, соцподдержки, реформ, новых инициатив и иногда неожиданных решений.**



### НОВЫЕ МИНИСТЕРСТВО, КОМИТЕТ, КРИПТОРЕЗЕРВ

Министерство искусственного интеллекта появится в Казахстане. Президент Касым-Жомарт Токаев поручил создать новое профильное ведомство. Его должен возглавить руководитель на уровне вице-премьера.

Токаев поручил создать Фонд цифровых активов для накопления стратегического крипторезерва.

Токаев предложил переименовать Комитет по возврату незаконных активов в Комитет по защите прав инвесторов.

Он отметил, что Комитет уже вернул в бюджет 850 млрд тенге, и теперь его задача — не только возвращать украденные деньги, но и защищать добросовестных инвесторов, чтобы они чувствовали себя в Казахстане в безопасности.

Касым-Жомарт Токаев предложил на базе дочерней структуры Национального банка создать специальный фонд криптовалютных активов, который будет также выступать крипторезервом страны.



### ALATAU CITY СТАНЕТ ПЕРВЫМ ЦИФРОВЫМ ГОРОДОМ

Президент Токаев объявил, что Алатау-Сити станет новым центром инноваций и бизнеса, а подчиняться он будет напрямую правительству.

Казахстан заключил многомиллиардные соглашения с глобальными компаниями, включая ту, что участвовала в строительстве китайского технополиса Шэньчжэнь. Эта компания поможет построить цифровой город Алатау. Премьер-министр Олжас Бектенов должен за 10 дней подготовить указ о специальном статусе для города.

«Алатау-Сити должен стать первым полностью цифровым городом региона – от применения технологий Smart City до возможности оплаты товаров и услуг криптовалютами. Город будет олицетворять собой образ будущего Казахстана, сочетая технологический прогресс с максимально комфортной средой для жизни», – заявил президент.

### ДО КОНЦА ГОДА БУДЕТ ПРИНЯТ ЗАКОН О БАНКАХ

Закон о банках должны принять до конца 2025 г., заявил Касым-Жомарт Токаев. В новом законе планируют усилить конкуренцию, привлечь новых игроков на рынок и развивать цифровые активы.

«Правительству совместно с Агентством по регулированию и развитию финансового рынка следует всесторонне проработать данные законопроекты. Прошу депутатов принять его до конца года», – сказал Токаев.

Он отметил, что банки второго уровня нужно активнее вовлекать в экономику, так как сейчас им невыгодно вкладываться в депозиты, призвал Национальный банк и правительство разработать меры по использованию свободной ликвидности банков.

### СВОИ ПРОДУКТЫ В ПРИОРИТЕТЕ

Президент поручил правительству сократить зависимость Казахстана от импортных продуктов.

«То, что творится на нашем рынке – это постыдная ситуация. Правительство должно настаивать на справедливой евразийской торговле. Оказывается, что наши предприниматели не получают таких преференций и поддержки, как другие предприниматели в ЕАЭС и в итоге должны уступать даже свой рынок», – сказал Токаев.

Он добавил, что полностью отказаться от импорта невозможно и даже «не надо», но зависимость стоит снижать.

### ПРЕЗИДЕНТ ОБОЗНАЧИЛ ОТВЕТСТВЕННЫХ ЗА БОРЬБУ С ИНФЛЯЦИЕЙ

Глава государства подчеркнул важность совместной работы правительства и Нацбанка для борьбы с высокой инфляцией, которая тормозит рост экономики и снижает доходы людей.

«Но сегодня главная проблема – это высокая инфляция, которая съедает рост экономических показателей и доходов населения. Готового рецепта решения данной проблемы не существует... Правительство и Национальный банк должны действовать как одна команда... Сейчас не время заниматься перетягиванием каната», – сказал Токаев.

Он отметил, что для улучшения инвестиционного климата нужна макроэкономическая стабильность, и преодоление инфляции требует ответственности и готовности к непопулярным мерам.

### ЧЕРЕЗ 3 ГОДА КАЗАХСТАН СТАНЕТ ЦИФРОВЫМ

Касым-Жомарт Токаев заявил о масштабной цели – сделать Казахстан полностью цифровой страной за 3 года.

«Мною поставлена стратегическая задача превращения Казахстана в цифровую страну», – подчеркнул он.

Токаев отметил, что несмотря на сложности и глобальную нестабильность, Казахстан уверенно движется к эпохе цифровизации и искусственного интеллекта. Это важно для стабильного развития и безопасности страны, а также для благополучия будущих поколений.

Президент также подчеркнул, что успешное выполнение реформ требует взвешенного подхода и качественной реализации. Сейчас в стране меняется менталитет, растет доверие к государству, развивается экономика и внедряются новые технологии – все это шаги к модернизации и процветанию Казахстана в цифровую эпоху.

### ПРОЕКТИРОВАТЬ ДОМА НАЧНУТ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ИИ

Президент поручил внести в строительный кодекс норму об использовании искусственного интеллекта для проектирования домов в Казахстане.

«Особое внимание предстоит уделить сфере жилищного строительства, которое в последние годы показывает высокий темп роста. В 2024 г. было введено в строй 19 миллионов квадратных метров жилья», — отметил он.

Токаев подчеркнул, что для повышения качества строительства важно применять информационное моделирование зданий с помощью технологий ИИ. Также правительство должно запустить национальную цифровую платформу для полного учета и контроля всех этапов строительства.

«Прочную законодательную базу для устойчивого, прозрачного и безопасного развития строительной отрасли должен заложить новый строительный кодекс. Документ необходимо принять до конца года», — добавил президент.



### ПРЕЗИДЕНТ ПОРУЧИЛ НАЛОГОВОЙ НАЧАТЬ ВНЕДРЕНИЕ ИИ

«До меня доходят слухи о том, что в отношении бизнеса вместо предупредительных мер, до сих пор применяются карательные. Это недопустимо», – подчеркнул он.

Токаев отметил, что для защиты предпринимателей от лишних проверок нужно внедрить реестр обязательных требований и пересмотреть нормы на соответствие предпринимательскому кодексу.

«Мы добились значительного прогресса в цифровизации госуслуг, но для бизнеса бюрократические процедуры все еще представляют серьезный барьер. Цифровизация не выполняет своего предназначения. Ситуацию нужно срочно менять», — сказал президент.

Особое внимание он уделил налоговому администрированию: «Комитет государственных доходов обязан стать флагманом цифровизации среди государственных органов, эффективно применяя потенциал ИИ в интересах налогоплательщиков», — заявил президент.

### УСКОРИТЬСЯ В СФЕРЕ БЕСПИЛОТНОГО ТРАНСПОРТА

Президент Касым-Жомарт Токаев подчеркнул важность внедрения беспилотного транспорта, включая дроны и специальные автомашины для доставки грузов.

«Во всем мире развиваются беспилотные виды транспорта... Правительству следует создать все условия для ускоренного внедрения таких технологий, включая принятие нормативных актов», — сказал он.

Также Токаев рассказал о развитии авиации: открыты новые терминалы в Алматы, Шымкенте и Кызылорде, строятся аэропорты в Зайсане, Катон-Карагае и Кендерли, восстанавливается аэропорт в Аркалыке. Это создаст рабочие места и поможет развить регионы.

«Наша стратегическая задача – стать ведущим авиационным хабом на Евразийском пространстве», – отметил президент.

Он добавил, что для развития воздушных грузоперевозок планируется создать Национального грузоперевозчика с иностранными партнерами и улучшить регулирование экспресс-перевозок.

Президент Токаев опасается перенаселения столицы и призывает к срочным действиям

Расходы на социальные нужды в Астане растут быстрее доходов бюджета, а их нагрузка близка к критической - школьная инфраструктура и медицинские учреждения работают на пределе. Ежегодно нужно строить до 15 новых школ, а дефицит койко-мест и перегруженность поликлиник сохраняются, подчеркивает президент.

Акимат, вместо развития города, вынужден тратить почти 60% городского бюджета на соцподдержку.

Президент отметил: нужны кардинальные меры. Нужно срочно проанализировать причины миграции в столицу и создать альтернативные социально-экономические центры по стране. Предложена модель «деньги идут за гражданами», т.е финансирование социальных услуг должно следовать не за территорией, а за человеком. Также необходимо унифицировать социальные выплаты для уязвимых категорий по всем регионам и убрать избыточные льготы, которые создают бюрократическую нагрузку и приводят к злоупотреблениям.

### ДВУХЛЕТНЯЯ РАБОТА ПО ЭЛЕКТРОСАМОКАТАМ В СТРАНЕ ПРОВАЛЕНА

Президент заявил, что принятые 2 года назад законы по регулированию электросамокатов не дали нужного эффекта. Несмотря на ограничения, движение на пешеходных дорожках остается опасным.

«Нужно всем обществом формировать культуру вождения. Следует обратить внимание на электросамокаты. Эта тема оживленно обсуждается в обществе. 2 года назад были внесены законодательные изменения, которые предусматривают ограничения при движении по пешеходным дорожкам. Но ситуация в общественных местах не изменилась. Граждане все еще подвергаются опасности», – подчеркнул глава государства.

Токаев объяснил, что значит для Казахстана запуск первого суперкомпьютера и обозначил создание важного документа

Президент Касым-Жомарт Токаев заявил, что запуск первого в стране суперкомпьютера – это важный шаг, но не финал, а старт большого пути. Казахстан должен стать по-настоящему цифровым государством.

«Запуск суперкомпьютера в нашей стране – это, конечно, успех. Но он должен рассматриваться правительством и всем обществом как только начало интенсивной многоплановой работы по превращению Казахстана в подлинно цифровое государство», – сказал Токаев.

Для реализации этой цели правительство подготовит новый стратегический документ – обновленную программу «Диджитал Казахстан», в которую войдут все инициативы по цифровизации и развитию ИИ.

### ТОКАЕВ ПРЕДЛОЖИЛ УПРАЗДНИТЬ СЕНАТ, А ПАРЛАМЕНТ СДЕЛАТЬ ОДНОПАЛАТНЫМ

«Полагаю, на проведение дискуссии, с учетом неординарного характера реформы, уйдет не менее года, после чего в 2027 г. можно было бы провести общенациональный референдум, а затем внести необходимые изменения в Конституцию.

Если мы все придем к общему решению относительно необходимости создания однопалатного Парламента, то такой Парламент, на мой взгляд, следует избирать только по партийным спискам», – сказал Токаев.

**Сергей НИКИТИН**

# В АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ ОТМЕТИЛИ ДЕНЬ ЯЗЫКОВ НАРОДА КАЗАХСТАНА

**Праздничное мероприятие, посвященное Дню языков народа Казахстана, прошло во Дворце детства и юношества «Болашақ Сарайы» города Кокшетау, передает корреспондент агентства Kazinform.**





Ежегодно День языков народа Казахстана отмечается 5 сентября в честь дня рождения основоположника казахской лингвистики и литературоведения Ахмета Байтурсынова.

Гостей мероприятия ждала презентация приложений, помогающих в изучении языков. Каждое из них было разработано студентами колледжей и университетов региона.

Преподаватель спецдисциплин ВТК Нуржамал Оспанова рассказала о студенческом проекте «Тілказ», который позволяет просматривать в реальном времени любой сериал на казахском языке и автоматически переводить его.

— В мобильном приложении предусмотрены также переводы, викторины, квизы. Оно направлено на то, чтобы казахский язык стал доступнее. Мы изучаем английский язык с помощью сериалов, разговариваем на английском языке в два раза быстрее, и у нас задача была, чтобы мы научились разговаривать на казахском языке также в два раза быстрее за короткие сроки. Вот это мобильное приложение стало основой для изучения казахского языка. Сейчас оно используется на бесплатных началах, — отметила Нуржамал Оспанова.

Торжественную часть открыла театрализованная постановка.

Заместитель акима Акмолинской области Алтынай Амренова поздравила собравшихся от имени главы региона Марата Ахметжанова.

— Для развития родного языка и повышения его статуса в районах и городах области успешно действует 21 центр по обучению языкам. Сегодня около 4000 слушателей в составе примерно 350 групп изучают казахский и английский языки. Отрадно, что 40% изучающих государственный язык — представители других национальностей. Это показывает растущий интерес и спрос к изучению языка. Среди слушателей — государственные служащие,



работники гражданской службы, индивидуальные предприниматели, обычные горожане, а также сотрудники Национальной палаты предпринимателей «Атамекен» и бизнес-центров, — отметила Алтынай Амренова.

Кульминацией праздника стало чествование акмолинцев, внесших свой вклад в сохранение и развитие языкового богатства страны. Среди наград — нагрудные знаки «Ахмет Байтұрсынұлы» Министерства науки и высшего образования РК и «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін», а также почётные грамоты и благодарственные письма министерства и акима области. Для поддержки граждан, внесших значительный вклад в развитие казахского языка, в регионе учреждена специальная премия акима Акмолинской области «Тіл жанашыры», 10 номинантов которой были удостоены наград. Этот конкурс проводится в регионе уже третий год подряд.

Награду получил и журналист Евгений Варанкин, готовящий сюжеты на государственном языке.

— За все 11 лет обучения в школе я так и не смог овладеть казахским языком, но когда закончил школу и пришло время поступать в университет, то решил, что казахский язык мне в жизни пригодится. Собрал все книги, которые нашел, и примерно за месяц я самостоятельно выучил казахский язык. Считаю, что каждый гражданин нашей страны просто обязан знать государственный язык. Хотел бы пожелать молодежи выучить его, потому что в жизни это обязательно пригодится, — поделился Евгений.

Завершили праздничное мероприятие выступления почетных гостей. Мыслями о роли языка в обществе поделились заместитель директора Института языкознания имени Ахмета Байтурсынова, доктор филологических наук, профессор Куралай Кудеринова и ученый-тюрколог Казахского национального педагогического университета имени Абая, доктор PhD Марлен Адилов.

— На этот праздник были приглашены гости — учёные из городов Астаны и Алматы. Также были награждены активисты и неравнодушные граждане, вносящие большой вклад в развитие языка. Поздравляю всех граждан нашей страны с Днём языков народа Казахстана, — добавила напоследок руководитель отдела развития языков и ономастики управления внутренней политики Акмолинской области Айгуль Талпакова.

Напомним, ранее сообщалось, что свыше 300 мероприятий пройдет ко Дню языков народа Казахстана.

**Оксана МАТАСОВА**

# ВОСПЕТЫЙ НАРОДОМ ВЕЛИКИЙ ЯЗЫК

**В «Огни Алатау» рассказали, как в День языков народа Казахстана в Уйгурском районе прошли масштабные торжества, приуроченные к знаменательной дате и дню рождения выдающегося просветителя, педагога и публициста Ахмета Байтурсынова - духовного лидера Алаша, реформатора казахского языка. Здесь, в сердце приграничья, развернулся областной фестиваль языков «Тіл – татулық тірегі».**

В масштабном мероприятии на центральном стадионе приняли участие столичные гости из Комитета по языковой политике Министерства науки и высшего образования, специалисты областного филиала Международного общества «Қазақ тілі» и районных учебных центров «Тіл», общественные деятели, депутаты, представители этнокультурных объединений.

Как отметили инициаторы, данный фестиваль призван расширить горизонты применения и укрепить статус казахского языка, стать платформой для популяризации богатого литературного наследия основателя казахской лингвистики Ахмета Байтурсынова.

Перед официальной церемонией открытия гости ознакомились с экспозициями тематической выставки «Тіл және қоғам», представленной сотрудниками домов культуры, историко-краеведческих музеев области. В рамках экспозиции участники затронули актуальные вопросы языковой политики и лингвистического наследия Ахмета Байтурсынова, делились секретами эффективного изучения казахского языка, а также продемонстрировали богатый мир казахской литературы и фольклора.

Началось мероприятие с выступления акима Уйгурского района Боты Елеусизовой, отметившей особую значимость государственного языка.

– Язык – это живая история и судьба нации, основа воспитания, бесценное наследие, передаваемое из поколения в поколение, - подчеркнула она. - В этом контексте значимость проводимого мероприятия огромна, а его цель – очевидна: повышение статуса и роли государственного языка, расширение горизонтов его применения. Признание и уважение к государ



ственному языку являются залогом стабильности и единства народа. Уверена, что фестиваль послужит дальнейшему укреплению уз дружбы и взаимопонимания.

Далее руководитель управления Комитета языковой политики Министерства науки и высшего образования Кайыржан Рахымжанов вручил почетные грамоты и благодарственные письма руководителям районных отделов культуры и развития языков, сотрудникам учебных центров.

Продолжилось награждение выступлением председателя областного маслихата Куата Байгоджаева, передавшего поздравления главы региона Марата Султангазиева, а также отметившего победителей районных и городских фестивалей, лауреатов премии акима области в номинации «Тіл жанашыры».

Среди районов и городов региона обладателями поощрительного приза на сумму 300 тыс. тенге стали Балхашский, Райымбекский и Илийский районы. Третье место поделили Карасайский, Енбекшиказахский и город Алатау. Им вручили по 500 тыс. тенге. Второе место и 700 тыс. тенге присудили Кегенскому и Жамбылскому районам, а почетное первое место и миллион тенге достались Талгарскому. Ну а гран-при и полтора миллиона тенге взял Уйгурский район.

- Наша общая задача – сохранить имя Ахмета Байтурсынова, выдающегося духовного лидера, чье творчество стало источником вдохновения для тысяч сердец и пробудило самосознание казахского народа, - подчеркнул Куат Султанович. - Его безграничная любовь и преданность родному языку служат неиссякаемым примером для всех нас. Язык – это не





только главный символ нации, но и незыблемый фундамент мира, согласия и стабильности в стране. Управление по развитию языков как учреждение, ответственное за реализацию единой языковой политики в регионе, было создано одним из первых в 2005 году и сохранило свою самостоятельность до настоящего времени. В этом году ему исполняется 20 лет. За прошедшие годы значительно расширилась сфера применения государственного языка. Доля населения области, владеющего казахским, достигла 90%, а в делопроизводстве превысила 96%. Кроме того, возросло количество детских садов и школ на казахском языке. Во всех районах и городах открыты языковые центры, где за эти годы государственный язык освоили более 80 тысяч представителей различных этносов.

Далее свои поздравления участникам фестиваля выразили заслуженный деятель культуры Танирберген Касымберкебаев, известный поэт и писатель Бакыт Беделхан, член Ассамблеи народа Казахстана Дарья Шулима, председатель областного филиала Международного общества «Қазақ тілі» Кулзира Сейтбеккызы, вручившая нескольким филологам, языковедам, общественным деятелям нагрудные знаки «Тіл жанашыры».

Продолжился фестиваль грандиозным гала-концертом, на котором выступили звезды казахстанской эстрады, лучшие творческие коллективы Алматинской области. Зрители смогли насладиться яркими выступлениями танцевальных коллективов, народных ансамблей и солистов, исполнявших песни на казахском и других языках, представляющих этнокультурное многообразие региона.

Фестиваль «Тіл – татулық тірегі» стал запоминающимся событием в культурной жизни области и еще раз подчеркнул важность сохранения и развития языкового богатства Казахстана.

**Асель МУКАШЕВА**

# НЕСТАБИЛЬНОСТЬ, ВОЙНЫ И ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ



**Этот год насыщен на события эскалации как внутри стран, так и между странами. Если Сербия вроде смогла предотвратить смену власти, а в Непале совсем все плохо – действующая власть ушла полностью, а за страну пока отвечает армия.**

### ПЕРИМЕТР НЕСТАБИЛЬНОСТИ

В западноевропейских странах тоже бурлит - во Франции и Великобритании регулярные протесты, причем в обеих странах ситуация с госдолгом критическая: несмотря на низкие ставки центробанков, рынок загоняет ставки на уровни 20-25 летней давности. Обзорные графики дают понять, что период финансового мира и благополучия закончился.

Финляндия инициировала обнуление любой торговли с Россией, и если у ЕС это получится, то вероятность военного конфликта между ЕС и Россией резко нарастает, ибо когда связей нет, то нечего и терять, а значит ничего не сдерживает от эскалации.

Израиль воюет во все стороны - Палестина, Иран, Сирия, Катар. Везде оправдываясь Хамасом. Джеффри Сакс, американский политолог, говорит, что Хамас был создан Израилем, и до сих пор финансируется им. Более того, по его версии, ситуация с бомбежкой Катара совершенно подлая - Хамас в Доху позвали на переговоры, а потом там же бомбили, причем бомбили не сколько Хамас, а сколько Доху: Джефри говорит, что Катар дистанцировался от Хамаса, но Израиль требует, чтобы Катар финансировал их. Это, конечно, интересный разворот сюжета. Трудно понять перипетии ближневосточного узла, но идея Великого Израиля предполагает, что средне и долгосрочное будущее этого региона очень туманное.

Интересно и другое - Турция не только прекратила дипломатические отношения с Израилем, но также запретила вход в свои порты для израильских кораблей или для кораблей с грузами для Израиля. И перспектива военного конфликта между двумя странами обсуждается уже на официальном уровне.

Но самым главным источником эскалации становятся сами США. Несмотря на внешние неудачи Трампа, Демпартия теряет миллионы сторонников. Этому способствует вполне позитивная динамика по сокращению преступности внутри страны (люди чувствуют, что наводится порядок). Но также способствует продолжающая тактика со стороны массмедиа, лояльных Демпартии - вместо объективного освещения ситуации, они усугубили степень субъективности, и теперь вполне претендуют на звание «леворадикальных групп».

Например, при освещении смерти чернокожего Джорджа Флойда якобы от удушения белым полицейским (позже выяснилось, что он умер от употребления наркотиков) каждое СМИ посвятило сотни материалов. Теперь, когда чернокожий преступник, больной шизофренией, которого назначенные Обамой судьи отпускали на свободу 14 раз (!), убил украинскую мигрантку Ирину Заруцкую в пригородном поезде на глазах у людей (просто подошел сзади и порезал шею), эти СМИ не опубликовали ни одну статью. Даже Википедия старается удалить материал про это убийство. Понятно, что такое ханжество не прощается людьми.

Но 10 сентября произошло политическое убийство - во время выступления перед публикой выстрелом в шею убили 32-летнего Чарли Кирка, одного из самых ярых и популярных сторонников Трампа. Интересно, что выстрел произошел как раз после слов Кирка, что среди трансгендеров высокая доля тех, кто склонен к насилию (недавно в США было массовое убийство, учиненное трансгендером).



Надо отметить, что леворадикальные СМИ нагнетают культуру нетерпимости к инакомыслию уже много лет, а потому 50-60% сторонников Демпартий считают оправданным убийство видных деятелей Республиканской партии.

Американские политологи считают, что риски гражданской войны резко повысились, а некоторые и вовсе прогнозируют, что Демпартия, теряя позиции, может перейти в откровенное противостояние с Республиканской партией. Костер горит и становится все жарче, так как в него подбрасывают дрова.

Надо понимать, что Демпартия воюет всеми законными и незаконными способами - от попыток саботажа любых (именно любых, не только плохих) инициатив республиканцев, до включения лояльных сторонников в атмосферу дипстейта - саботаж во всем. Самым ярким примером была войнушка за трудовую статистику. В период Байдена трудовая статистика упрямо рисовала рост занятости, хотя все косвенные цифры говорили об экономическом спаде. С приходом Трампа эти же люди упорно рисуют спад занятости. Трамп уволил абсолютно предвзятую главу Бюро трудовой статистики, и теперь выяснилось, что Бюро «ошиблось», пририсовав 911 тысяч новых рабочих мест за период с апреля 2024 по март 2025 года. Это пока предварительная оценка, конечная оценка может оказаться больше. Естественно, после такого пересмотра будет видна реальная картина занятости по этому году. Интересно, что если бы достоверные данные были опубликованы раньше, то по теории ФРС США должна была снизить ставку минимум на 1%, что сэкономило бы бюджету минимум $350 млрд в год.

В общем, борьба за власть и деньги идут всеми способами, и не дай Бог, если в США дальше события будут эскалироваться, то непременно бардак начнется во многих странах.

### БОРОТЬСЯ С НАРКОМАФИЕЙ – ДОСТАТОЧНО ПОКАЗАТЬ ЖЕСТКОСТЬ

Трамп переименовал Минобороны в Министерство войны. Но паниковать не стоит, это просто неофициальное переименование простым указом Трампа - для официального переименования требуется согласие Конгресса, но Трамп дал понять, что обойдется лишь неофициальным переименованием на период своего срока.



Более важно то, что боевой дух американской армии реально поднялся. В отличие от предыдущих лет обамо-байденовского маразма, когда престиж военной службы упал и был многолетний растущий недобор рекрутов, в 2025 году рекрутов набрали досрочно и с избытком. Теперь армия активно помогает наводить порядок как на улицах, помогая полиции (преступность даже в воукеистских синих штатах пошла на снижение на 40-60%), так и за пределами страны, воюя с наркокартелями на подступах к Мексике, и теперь уже Венесуэлы.

Причем Трамп прямо заявил, что если Венесуэла не прекратит баловаться поддержкой наркокартелей, то пойдут на смену режима, включая боевые действия на территории страны. Как следствие, приток наркотиков и соответственно смертность молодых американцев от передозировок сократились на 30-40%, и ожидается, что сократится еще, в целом на 80-90% (со 100 тыс. смертей ежегодно со времен Обамы-Байдена).

На самом деле, бороться с наркомафией легко - достаточно властям показать жесткость, так как бандиты всегда боятся только силу. Для сравнения: с приходом талибов производство опиума в Афганистане рухнуло на 98-99%. Талибы объявили опиум вне закона и методично расстреливают всех, кто этим занимается. В отличие от прежнего демократического правительства, которое довело производство наркотиков до рекордных максимумов.

Вообще, псевдодемократические партии/организации/сми и т.д. успешно борются только с чем-нибудь хорошим - традиционные ценности, семья и т.д. А все плохое культивируется и защищается под плотным слоем псевдоправозащитных организаций (до реальных прав человека, хотя бы в той же Газе, им нет дела). Можете почитать СМИ, как они освещают сокращение производства наркотиков в Афганистане - они подают это как плохую новость, мол, запрет на производство опиума нанесло жуткий экономический удар по фермерам Афганистана.

На днях у нас новость проскочила, что изъяли 13 тонн - это блестящее достижение. Очень надеюсь, что у нас вернут смертную казнь, по крайней мере для руководителей наркомафии и тех, кто из числа силовиков содействовал им. Лучше пусть они умрут, чем от передозировок молодые казахстанцы, число которых постоянно растет.

### ПЛЮСЫ И МИНУСЫ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА

Сейчас почти все компании в сфере ИИ вышли на 4 поколение. И он совершил прорыв - он стал умнее среднего человека, по интеллекту стал на уровне доктора наук, и потому уже способен предлагать довольно умные решения.



5 и тем более 6 поколение покажет реальный прорыв. Если честно, когда мы делали прогноз в декабре 2023 года, а потом уточнили в декабре 2024 года, то мы считали это крайне маловероятным (менее 1%), потому что искренне считали, что ИИ не способен быть умнее среднестатистического человека. Даже преимущество в виде условных энциклопедических знаний (ведь ИИ имеет доступ к всему интернету) не давало возможность мыслить, как человеку. Все ранние тесты предполагали возможность компьютера имитировать человеческое мышление и не более. Но мы ошиблись в вероятности прогноза - вероятность не меньше 1%, а почти 100%. В этом году произошел существенный прорыв, который помимо множества плюсов несет три существенные угрозы:

1. ИИ может создаваться только крупными державами, который благодаря ИИ запатентует все будущие открытия, и фактически будущее человечества, и все остальные страны обречены на отставание и пожизненную плату за пользование патентами. Поэтому Казахстану надо победиться в этой борьбе за выживание.

2. Наши дети могут стать тупыми в прямом смысле этого слова. Для того, чтобы победить в гонке ИИ, мы должны быть умными, а чтобы быть умными, как ни странно, мы должны все школы/вузы держать подальше от ИИ. Точнее все экзамены должны быть без любых электронных гаджетов, а родители должны контролировать, чтобы ребенок перестал получать ответы только в ИИ. Уже есть много исследований, где говорится, что дети и даже взрослые чрезмерно деградируют от частого использования ИИ.

3. Пора вспомнить Эйнштейна: «Я не знаю, каким оружием будут воевать в третьей мировой войне, но в четвертой мировой войне - камнями и палками». Если все системы вооружений станут беспилотными и основанными на ИИ, то это приведет к сокрушительным потерям уже в первую неделю войны. В общем, странам придется ограничить применение ИИ так же, как ограничили применение химического оружия. Хотя в отличие от химического оружия, запрет на ИИ практически невозможно проконтролировать.

**Олжас ХУДАЙБЕРГЕНОВ**

***Оннан көп адамнан тұратын қауымға жетекші болған кез келген адам ақырет соты күні Алланың алдына екі қолы желкесіне қайырыла байланған күйде әкелінеді. Тек өз өмірінде жасаған рақымды істері ғана оның қолдарын босата алады. Басшылық – ең алдымен жекіру, одан соң өкіну, ал ақырет соты күні – үлкен қайғы.***

*(Пайғамбарымыз Хазіреті Мұхаммед Мұстафа саллаһу алайһу уә сәлләмнің хадистерінен)*



**ӨМІРДЕРЕК**

1957-ші жылы Жезқазған облысы Шет ауданының Ақсу – Аюлы селосында дүниеге келген.
1974-ші жылы жергілікті М. Горький атындағы орта мектепті ойдағыдай бітірген соң, В.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының тау-кен факультетіне түседі.
Тау-кен инженері мамандығын алған жас маман еңбек жолын 1979 жылы Ақшатау кен-байыту комбинатына қарасты Ақжал кенішінде қатардағы тау-кен мастерлігінен бастайды.
1983-ші жылы тау-кен цехының бастығына көтермеленеді.
1985-ші жылы Ақжал кенішінің бас инженері болып тағайындалады.
1995-ші жылдан осы кеніштің директоры.
1996-шы жылдан бастап, Ақжал кенішінің «Жаңа – Мырыш» болып қайта құрылуына байланысты осы бірлескен кәсіпорынның өндіріс директоры болады.
1998-ші жылдан бастап, осы бірлескен кәсіпорынның бас директоры.
Үшінші шақырылған облыстық Мәслихаттың депутаты.

# Бекпатша

Қазақ халқының ұяты – ауылда.

Бүгінде ауылдың беті екі түрлі. Бір беті қып-қызыл...

Бүкіл ауыл тіленші. Алақан жаяды. Сұрайтыны – екі қолға бір күрек. Ол құрғыр болса жоқ. Одан кейінгісі белгілі...

***

Ауыл бүгінгі кеспір – кейпіне бірден түсе қалған жоқ. Жетпіс жылға созылған Кеңестік дәуір аталған талайлы жолдан өтті.

Қазақтың құс қанатын талдырған сайын даласын алып қалған қандай да бір әскер емес. Бақауыл болған тарыдай шашылып жатқан ауылдар. Сол ауылдар алдымен ұжымшарланды, соңынан кеңшарланды. Бабаларымыздың өзен жағалап немесе бұлақ басын тіктеп ауыл тіккені белгілі. Ғасырлар бойы қалыптасқан осынау сайрақ Кеңес заманында тәрк етілді. Айтақырларда ауылдар пайда болды.

Өтпелі кезеңде ең алдымен сыр берген осы ауылдар болды. Айналдырған екі-үш жылда тоз-тозы шықты. Біреуі қалаға қоныс аударды, енді бірі бабаларының атажұртына ат басын бұрды.

Өзі де ауылда өскен. Кең қолтық заман кешіпті-ау. Таң қылаң бере үлкендер жұмысқа қотарылатын. Бүкіл ауылда ас пісіретін ақ жамылған аналарының бірі кезектесіп қалып отыратын. Дастарқан ортақ еді. Айғайшы біреу болғандықтан балалар да орынсыз жылапсықтамайтын. Білетіні, әйтеуір балалар аяқка оралғы емес еді. Қайта ұсақ-түйек көрінетін жұмыстарды қаратаяқтар тастай қылатын. Ауыл баласының мойнында жұмыс көп. Соның барлығын ойнап жүріп бітіреді. Қай-қайсысы болсын бап тілемейтін. Бұйырғанына қанағат қылатын. Ашқұрсақ, бір ішек жүргендері кемде кем. Ондай жағдайда өріс індетіп, қорық қайнатып ішер еді.

Бәрі де солай ширатылып өскен.

Әр ауылдың ел әлпештеген ақсақалы болар еді. Әдетте мұндай ауылдың ауызбіршілігі мықты келеді. Жасына қарай төрге озып, жағына қарай сөйлейтін ауылдардың іргесі де сөгілмейтін. Бір түтін ірге сөксе ол ауылдың бетіне шіркей болып жабысатын.

Мейрам еңсесі биік сондай ауылда өсіп, тәлім-тәрбие алды. Нағашы тәрбиесін де көрді. Балалық шағының базары тарқамай тұрып талай ауылдың дәмін татты. Барған ауылында үй талғамады, күй талғамады. Сәлем берсең «Сәлем Алланың тоқсан тоғыз есімінің бірі» деп өз баласындай өбектейді.

Ауыл баласының алысқа ұзай қоймайтын белгілі. Үлкендердің өзі қала жаққа некенсаяқ қатысады. Үйкүшіктіктен емес, әрине. Жұмыс бастылықтан.

Шет өңіріне өндірістің ерте келгені белгілі. Әсіресе, Ақшатаудың дүмпуі күшті. Одан қала берсе Ақжал, Қайрақты, Жамбыл кеніштері бар. Үлкен қалаларды көрмесе де іргe теуіп жатқан кеншілер қалашықтарын көрген. Көшелері жұнттай таза, үйлері аспандаған кеншілер қалашықтары баланың ақ парақтай жазылмаған көңіліне өшпестей із қалдырған. Күні кеше өзінің кекілін сипаған ағаларының бірқатары осы кеніште істейді екен. Оған кәдімгідей марқайып қалған.

Ауыл баласы әсершіл келеді ғой. Іргелес жатқан кеншілер қалашықтары жөнінде қилы-қилы әңгіме естиді. Кезінде Ақшатауда тұтқын немістер, одан кейін жапондар жұмыс істепті-мыс. Қытайлар келіп, ақшатаулықтардан сабақ алыпты. Шахтада аттар вагон тасиды екен...

Мұндай әңгімелер таусылмайды. Әр нәрсенің ақыр-тақыры болады емес пе!? Соңы міндетті түрде ақшаға келіп тіреледі. Шахтадағы ат айдаушының жалақысы колхоз басқармасының еңбеккүнін он есе орайды деп айтады.

Ауылда тоқшылық болғанымен ақша жоқ. Елдің ауылдан ұзай қоймайтыны да содан болса керек. Бірді-екілі болса да шахтаның оқуын оқитындар ауылдан да шыға бастады. Бұрындары ауыл баласы ең құрығанда ветврачтықты ойласа, енді инженерлікке талпынды.

Заманына қарай көзқарас та өзгереді екен. Үлкендердің өзі «абыройды жапқан Ақшатау», «Ақшатау үш ауданды асырап отыр» деп күмпілдеп сөйлейді. Ақшатаудың бір шахтасының өзінде мыңның үстінде адам жұмыс істейді деп және бір әңгіменің шетін шығарады. Соның барлығын жатқызып, өргізетін мастер екен. Ол оқу Қарағанды мен Алматыда бар.

Мейрам мектепті қазақша бастап, орысша тәмамдаған замандастарымның бірі екен. Мұндай кепті өндірісті аймақты мекендеген дос-жарандарымның көбі бастан кешкен. Өйткені, кен инженерінің оқуы орысша.

Екі тілге бірдей жүйрік Мейрам емтихан сынақтарынан да мүдірмей өтті, оқуда да алда болды. Досы Бәкен Төлеуқұлов екеуі сұранып жүріп, жолдаманы Ақшатау комбинатына алған. Мұнда келген соң оларды Ақжал кенішіне жіберген.

Ол кезде Ақшатау үш ауданды асырап отырса, Ақшатаудың асыраушысы Ақжал болатын. Ақшатаудың басындағы шахталары «таза» зиянмен жұмыс істей беретін. Өйткені, қорғаныс коды тізбесінен орын алды. Керек-жарақтың бәрін Мәскеуден өзі тауып беріп тұрды. Алда-жалда байыту фабрикасы салына қалса министрдің өзі келіп, айлап жатып алатын. Мұнан Ақжал сынды «өгей балалар» да зиян шеге қойған жоқ. Құс сүтінен басқасының бәрі құйылып тұрды.

Құлша жұмыс істегеннің байша ішетіні рас екен. Қатардағы мастер болып орналасқан балаң жігіт бес жылға жеткізбей-ақ тау-кен цехының бастығы болып шыға келеді. Кеніштің ең үлкен цехы осы. Сонысына қарай мазасыз да. Үлкеннің бетіне келмеді, кішінің бетін қақпады.

Әкесі Ескендір көпті көрген адам. Ол кісіден алып қалған олжасы да аз емес. Сол олжасының бірі – «Ол да өзіндей біреудің жалғызы» деген сөзі. Содан барып айналасына әкесінің көзімен қарады. Ешкімге ұрттоқпақ болмады. Бар-жоғы жауапкершілік сұрады. Соның өзі де өнбестей көрінетін жұмысты аяғынан шығарады екен.

Ол тұста мен Ақадыр аудандық газетінің өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі едім. Осындағы Әжібжан Жанасбаев деген ағамыз Мемлекеттік сыйлық алып, сол кісінің еңбегін жазбақшы болып Ақжал кенішіне барғам.

Мейраммен алғаш рет сонда жолығысқам. Жауырыны қақпақтай, балуан денелі жігіттің кен инженері болып жүруі алғашқыда маған ерсі көрінген. Кезінде осы кеніште қазақша күрестен Орта Азия мен Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы Әлімшайқы Сәлімбаев жұмыс істеген. Соның жолын неге қумады екен деп ойладым. Сөйлесе келе, жақын тарта бастадым. Тілді шұбарламайды екен. Скважинаны төтел, насосты сорап деп ұрып тұр. Сөзге ұста, тілмар екен. Ата тергессек, аруақ жанаған Жақсы Жанқұттының ұрпағы болып шықты. Содан бері Мейрамнан көз жазған емен.

Сөйткен Ақшатау құлады. Нарық қыспағына шыдамады. Қайрақты, Жамбыл кеніштері де шөкесінен түсті. Аман қалғаны осы – Ақжал кеніші.

Сол кездегі Шет, Ақтоғай, Ақадыр аудандарының қабырғасын қайыстырған осы Ақшатаудың құлауы еді. Осы үш ауданның халқы жанама болса да нәпақасын Ақшатаудан айыратын. Он төрт мың халқы бар Ақшатау, Қайрақты, Жамбыл кеніштерінің халқы бір-ақ күнде ұлардай шуласын.

Сол ауыртпалықтың барлығы Ақжалдың мойнына түскен. Нар жолында жүк қалмайтыны белгілі. Сол жүкті тартар қатепті нарлар керек еді. Ел іші емес пе?! Сайдың тасындай ондай жігіттер суырылып алға шықты.

Нар жақсысы – бекпатша. Қазақтың көші-қонының басында бекпатша жүрген. Бартал көшті бекпатшалар бастаған. Бекпатшасыз керуен көші қозғалмаған.

Мейрам замандасымды көрген сайын осы бартал көшті есіме аламын.

Бүгінде Ақжал да көшін түзеген.

Осы көштің бекпатшасы Мейрам Бадановтың есімі көпшілікке жақсы таныс. Оның Ақжал кенішінің тізгінін қолына алғанына он жылдың жүзі болыпты. Осы уақыт ішінде көш-керуен жүгі ауып көрмепті. Елі оны өндірістің ірі ұйымдастырушысы ретінде таныды. Білікті басшылығын мойындатты.

Болатын баланы балағынданы битінен танып жатады. Бала кезінде Мейрам күресе жығып, жарысса озып, доп қуса да капитан болып сайлана қалатын. Додаға да, мараға да түскен. Қалай да қарсыласына шаң қаптыратын. Содан да болар, басқа балалар өзіне үйірсектеп тұратын. Бәлкім, тектілігінен де шығар. Қалай десек те, беті ашығы – Мейрамның көшбасшылығы.

Кешегі күн мен бүгінгі күннің арасы жер мен көктей. Кешегі он бір балаға капитан болған бала бүгінде мыңдаған кенші жұмыс істейтін бірлескен кәсіпорынның бас директоры. Ал жауапкершілік жағынан келсек, оның салмағы батпандай түседі.

Ол – осы елдің, осы өңірдің тумасы. Осы өңірдің асыраушысы десек артық болар, алайда алдына келгенін бос қайтарған да емес.

Сондағы беретіні – жұмыс. Вахталық жұмыс әдісі бүгін де бар. Табысы жаман емес. Талап біреу. Құлша жұмыс істеу. Байша тұру немесе ішіп-жеуді әркімнің еркі біледі.

Ел ұланына сенім артып отыр. Бүгінде Мейрам Ескендірұлы халық қалаулысы. Ол облыстық Мәслихаттың депутаты. Сессияларда ауыл мәселелерін жиі көтеріп жүр. Өйткені ауылдан оның кіндігі үзілмеген.

Ақжалдың да өзіне жетерлік түйінді мәселелері бар. Мұндағы екі карьердің біреуінің қоры түгесілуге жақын. Ал ашық әдіспен әлі он жыл істей алады. Одан кейін де жабық әдіспен тағы бір он-он бес жыл жұмыс істеу мүмкіндіктері қарастырылып қойылған.

Алайда, жұмыс бітті деп отырған Мейрамды көре алмадым. Шапқылауы көп. Сондағы ойы Ақжал кенішінің ғұмырын ұзарта түсу. Қазірдің өзінде үш облыстың жерінен қажетті кен қорын іздестірудің геологиялық барлау жұмыстары басталып кетті.

Бүгінде ауылдың еңсесі тіктеле басталды. Ақжалмен іргe тепкен Қарабұлақ өңіріндегі сай-салаңы қуалап кеткен ауыл санының өзі біршама. Қазір үш-төрт үй бір ауыл саналатын болды. Солардың жарығын тартып беріп отырған ақжалдықтар. Мұрша жетіп жатса, суын да тартып бермек.

Ауылдың көбеюі – жағдайдың оңала бастағаны. Өз қотырын өзі қасуға жеткені.

***

Ауылдың беті екі түрлі. Бір беті – ақ...

Өйткені өзі жарымай отырып келген тіленшіге қайыр береді.

Қазақтың ұяты – ауылда.

Ауылдың ұяты – Мейрам Ескендірұлы сынды бекпатшаларда.

**Төрехан МАЙБАС,**
**жазушы.**
*Қарағанды облысы*

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz



Дайындаған: Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

## ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

*Баяғыда бір кедей жігіт бір байдың басындағы құндыз бөрікін алып қашқан ғой. Бай әлгі кедей жігітті қуыпты. Байдың тұлпары қойсын ба, қырдан асырмай кедейді қуып жетіпті. Сонда сасып қалған кедей тұра қалып:*
*– Байеке, ойнасақ та біраз жерге барыппыз. Ренжи көрмеңіз, мә, бөрікіңіз – деген екен.*

***

*Бір қарт өмірде үйленбепті.*
*– Неге үйленбедіңіз? – деп сұрапты журналистер, сонда қарт:*
*– Өзіме идеальный қыз таба алмадым. Енді таптым-ау деп біреуге сөз айтсам, ол қыз өз идеалын іздеп жүр екен, – деген екен.*

***

*Сот:*
*– Сен осы өміріңде өз еңбегіңмен тым құрыса бір жүз теңге тауып көрдің бе?*
*Айыпталушы:*
*– Көрдім. Былтырғы сайлауда сізге дауыс бергенімізде сізден бәріміз 500 теңгеден алдық қой?!.*

***

*Жанындағы орындықта сағыз шайнап отырған жігітке қарағыштаған кемпір бір кезде жылы жымиып, ұмтылыңқырап сөйлеп:*
*– Жақсы тәрбие көрген кішіпейіл, ақжарқын адам екеніңізді аңғардым, бірақ, не айтқаныңызды білмеймін, екі құлағым да естімеуші еді, – деген екен.*

***

*– Не ғой, бауырым, қызыңмен серьезно жүріп жүрсіңдер ме?*
*– Иә, брат, әрине!*
*– Сонда не, вообще күлмейсіңдер ме?*

***

*Бір еркек психологтың алдында отыр:*
*– Маған бір нәрсе жетпейтін сияқты. Өмірден жалыға бастадым. Жаңа сезімдерді бастан өткергім келеді.*
*– Тоқал алыңыз.*
*– Ондайлардың менде үшеуі бар.*
*– Онда, олар жайлы әйеліңізге айтып беріңіз.*

***

*Жалғыздықтың алғашқы нышаны: телефонның қай жақта қалғанынан бейхабар болу.*

# GEMINI БАЛАЛАР мен ЖАСӨСПІРІМДЕР ҮШІН «ӨТЕ ҚАУІПТІ» деп ТАНЫЛДЫ

**Балалар қауіпсіздігіне бағытталған, медиа мен технологияға баға беретін Common Sense Media ұйымы Google-дың Gemini чат-ботына қатысты қауіп деңгейін жариялады. Ұйымның мәліметінше, Gemini балаларға оның «дос емес, компьютер» екенін ашық түсіндіреді. Бұл – эмоционал әлсіз адамдарда галлюцинация мен психикалық бұзылыстардың алдын алуға көмектесетін маңызды фактор. Дегенмен ұйым басқа тұстарды жетілдіру қажет екенін айтты.**




Common Sense Media пікірінше, Gemini-дің «13 жасқа дейінгі» және «Жасөспірімдерге арналған» нұсқалары шын мәнінде ересектерге арналған платформаның жеңілдетілген түрі ғана, үстінен тек қосымша қауіпсіздік сүзгілері енгізілген. Ұйым балаларға арналған ЖИ өнімдері басынан-ақ қауіпсіз етіп жасалуға тиіс деп есептейді. Мысалы талдау барысында Gemini балаларға «қолайсыз әрі қауіпті» контентті бөлісетіні анықталған. Оған жыныстық қатынасқа, есірткі мен алкогольге, сондай-ақ қауіпті психикалық денсаулық кеңестеріне қатысты ақпарат кіреді.

Ұйым Gemini-дің балаларға және жасөспірімдерге арналған нұсқалары олардың жас ерекшелігін ескермей, бәріне бірдей ақпарат беретінін сынға алды. Соның нәтижесінде қос нұсқа да қосымша сүзгілерге қарамастан «жоғары қауіпті» деп бағаланды.

Google TechCrunch-қа берген жауабында 18 жасқа дейінгі қолданушыларға зиянды контенттің алдын алатын арнайы ережелер мен қорғаныс шаралары бар екенін, қауіпсіздікті арттыру үшін сарапшылармен жұмыс істейтінін жеткізді. Дегенмен, кейбір жауаптар дұрыс істемей тұрғанын мойындап, қосымша сүзгілер енгізгенін хабарлады.

Бұған дейін Common Sense Media OpenAI, Perplexity, Claude, Meta AI және басқа да ЖИ сервистеріне талдау жасаған. Оның қорытындысы бойынша, Meta AI мен Character.AI – «қабылдауға болмайтын» деңгейде қауіпті, Perplexity – жоғары қауіпті, ChatGPT – «орташа», ал 18 жастан асқандарға арналған Claude «минимал қаупі бар» деп бағаланған.

Тамыздың аяғында 16 жастағы Адам Рейн ChatGPT-дің кеңесінен кейін суицид жасады. Енді оның ата-анасы OpenAI компаниясына қарсы алғашқы «абайсызда өлімге әкелу» ісін қозғап отыр. Бұған дейін тағы бір жасөспірімнің суицидіне байланысты Character.AI компаниясына да қарсы іс қозғалған.

*Massaget.kz*

№35 санда шыққан сөзжұмбақтың жауабы



**5 қыркүйек – ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні!**
**Алаш арысы, жалынды зиялы, ұлт болашағы жолында жанын пида еткен Міржақып Дулатұлының туғанына 140 жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференцияның осынау ерекше күнмен үндестіріліп өткізіліп жатқаны қандай ғанибет.**
**Ажырамас қос тұлға: Ахаң мен Жақаң! Торғайдан түлеп ұшып, Алаш қозғалысының бастауында тұрған қос ғұлама! Ешнәрсе көлегейлей алмайтын мәңгілік жарқын жүзді жасампаздық жампоздары. Біртуар Алаш көсемдері.**
**Ахаң Аламты түбінде атылып кетті. Жақаңның сүйегін 57 жылдан соң Карелиядан, Сосновец стансасында жерленген жерінен бұрынғы Торғай облысынан арнайы жасақталған экспедициямен барып, 1992 жылдың 1–18 қыркүйегінде туған топырағы Қызбел өңіріне – Бидайық ауылына әкеліп жер қойнына қайта табыстадық. Бұл елжандылық іс – Еліміз Тәуелсіздігінің елең-алаңында болған айтулы оқиға ретінде тарихқа енді.**



# АЖЫРАМАС ҚОС ТҰЛҒА: АХАҢ мен ЖАҚАҢ!

Міржақыптың оралуының танымы мен тағылымы, міне, қайғы мен қуаныш қапталдасқан сол күндерден жүлгеленіп, күллі елімізге жан-жақты қырынан паш етіле бастады. Танымы – Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай, Смағұл Садуақасұлы сынды Алаш арыстарының сырт жерде сүйектері қалғанына налу мен назалану болса, Тағылымы – сол ардақтыларымыздың мүрдесін туған топырағына жеткізудің себеп-салдарларын ежіктеп, осы тектес батыл қадам жасау ұмтылысына мәрттікпен бекінгендік еді. Иә, бұл ретте сәтімен оңғарылған іс деп, араға ұзақ уақыт салып Смағұл Садуақасұлының дене-күлінің елге жеткізіліп, рәсімделіп қойылуын айтауға болады.

Міржақыптың оралуынан соң оның рух күшінің еселене түскенін сезінгендей күй кештік. Оның «Оян, қазақ!» деп салған баяғы дабылы бүгінде әр қазақтың жүрегіне өзгеше жігер беріп, күш-қуат құйды: Тәуелсіздікке серпін, сергектік, сезімталдық, саналылық сыйлады! Ал Міржақыптың туған қызы, ерекше жаратылысты Гүлнәр кейуана кешегі Әлихан, Ахмет аталарының тізесінде отырып, төрт-бас жасындағы естігендерінен, есейгендегі көзбен көргендерінен тарқатып том-том кітап жазып, жүз жасына сынық сүйем қалғанда «Ардақтап өттім Алашымды» деп көз жұмды. Тірісінде билік тарапынан бір марапат көрмей, бір ауыз жылы сөз естімей, еңбегін ешкімге бұлдамай кетті. Ең құдіреттісі сол, алтын көмбелі жүректің Алаш тұрғысындағы көл-көсір қазынасы Елінің құлағына жетті! Күллі қазақ әйелінің қасіретін бір басына жинаған қайран сол Гүлнәр Міржақыпқызының биылғы 110 жылдығын ескеріп жатқан кім бар екен? Барлық қасірет шеккен аналардың жиынтық бейнесін сомдап, осы Гүлнәр Міржақыпқызына ескерткіш соқса да артық болмас еді!

Ұлт пен Міржақып – егіз ұғым! Ұлтының мұңын мұңдаған оның тағы бір үзеңгілес серігі, Қызбелде бір туған түйедей құрдасы, Алаштың заңғар заңгері Сейдәзім Қадырбаевтың да биыл 140 жылдығы екенін еске саламыз. Ол Алашорда Үкіметі – Ұлт кеңесінің мүшелігіне кандидат болған, Әділет Халық комиссариатының бөлім меңгерушісі ретінде сот жүйесінде қазақ тілінің орнығуына жанкештілікпен еңбек сіңірген ұлтжанды тұлға. Қазақ автономиясының тұңғыш Ата Заңы авторларының бірі, білікті аудармашы, азаттық жолындағы күрестің жалынды ұйымдастырушысы Сейдәзім

> **Міржақып Дулатұлының мерейтойы қарсаңында халқымыздың аяулы ұлы, мемлекет және қоғам қайраткері, Парламент Мәжілісінің депутаты Қазыбек Иса түн ұйқысын төрт бөліп дегендей, Алаш арысының туған ауылына барып, онда атқарылып жатқан тойалды қыруар жұмыстардың шешімін табуына тікелей мұрындық болып, атсалысты. Ел аманатын арқалаған үлкен жүрек иесінің бұл ұлан-асыр істеріне Торғай елі разылығын айтуда.**

Қадырбаевтың мұраларын ұрпақ жадында қалдыру үшін қыруар іс-шара жүзеге асырылғаны абзал. Оның есімін мәңгілік есте қалдыру жағына жұмыла кіріскеніміз жөн болар еді.

Қостанай қаласында Міржақыптың ескерткіші бой түзегелі жатыр. Қуаныштың, әрине. Осы қуаныштың иірімінде өзге ойлардың бұлқынысы шиыршық атады. Алаш арыстары ескерткіштерінің Аллеясы Астанада салтанат құрса деген бүкілхалықтық ұсыныстар уақыт өте келе өз шешімін тауып жатса, нұр үстіне нұр!

Ғасыр саңлақтары Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы, басқа қырларын айтпағанда оқу-білімге, ағарту ісіне жанын салған ғұламалар екендігі белгілі. Сол себепті де болар, бүгін «ESIL UNIVERSITV» мекемесінің басшылары осы айтулы қос тұлғаның атына арнап қос дәрісхана ашып отырғаны. Бұл тарихи іске мұрындық болған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, белгілі ғалым, қазақтың ұлтжанды азаматы Берік Тұрсынбекұлы Бейсенғаливке айтар алғысымыз шексіз. Ол Міржақып Дулатұлының мерейтойына ықылас пен мейірімділік танытып, қолдау білдіріп, Торғайда өтетін республикалық ақындар айтысының жеңімпазына деп, өз отбасынының атынан арнайы жеңіл автокөлік тігіп отыр. Сондай-ақ жазушы Қайсар Әлімнің осы қазір тұсауы кесілетін «Міржақып Дулатұлы» ғұмырнамалық кітабының түрік тіліне аударылып, Ыстамбұлдан басып шығарылуына демеушілік жасады. Міне, осындай ел рухын көтерер жарқын істерді баяндамамыздың тақырыбына алынған «Міржақып тағылымына» жатқызуға әбден болады. Көсегеңіз көгерсін, Берік бауырым!

Тағы бір айтпағымыз, осы Міржақып Дулатұлының мерейтойы қарсаңында халқымыздың аяулы ұлы, мемлекет және қоғам қайраткері, Парламент Мәжілісінің депутаты Қазыбек Иса түн ұйқысын төрт бөліп дегендей, Алаш арысының туған ауылына барып, онда атқарылып жатқан тойалды қыруар жұмыстардың шешімін табуына тікелей мұрындық болып, атсалысты. Ел аманатын арқалаған үлкен жүрек иесінің бұл ұлан-асыр істеріне Торғай елі разылығын айтуда. Оның осы жемісті сапарларының өнегелік жағын да сіздерге жеткізуді парыз санадым.

Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовпен екеуара 34 жыл хат жазысып, соның нәтижесінде жазылған «Махаббат жыршысы» деген кітабымды аға-досым қолымен ұстап,- кеудесіне басып, ақ батасын беріп кеткен еді. Жылы жүрек Әзағам мерейтойға бара қалса, өзі көтеріп апарып, кітап сыйлайтын еді. Сол дәстүрмен мен де қос арыстың дәрісханаларының ашылуы құрметіне университет кітапханасына авторлық жиынтық 300 кітабымды сыйға тартып отырмын. Бұл да – алыптар тағылымы деп ойлаймын.

Ахаң, Жақаң дәрісханалары білім бұлағының көзін бұрқыратып аша түссін!

**Қайсар ӘЛІМ,**
**жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Президенті сыйлығының лауреаты**

**ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

*«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:*

| | | |
|---|---|---|
| 1 жылға | қала үшін 5750,88 теңге | ауыл/аудан үшін 5974,32 теңге |

**Мекемелер ТІКЕЛЕЙ ЖАЗЫЛУҒА болады**

**Газетке 1 жылға тікелей жазылым – 5 000 теңге.**
**100 данаға 1 жылға тікелей жазылым – 500 000 теңге.**
**1000 данаға 1 жылға тікелей жазылым – 5 000 000 теңге.**

**Меншік иесі:**
**«Қазақ үні» ЖШС**
**ҚАЗАҚ ҮНІ**
**Президент –**
**Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН**

**Бас редактор –**
**Құлтөлеу МҰҚАШ**

**Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің Бас редакторы –**
**Азамат ТАСҚАРАУЛЫ**

**Жауапты хатшы –**
**Гүлмира САДЫҚ**

**Бөлім редакторлары:**
**Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)**
**Нұржан АСАН (көркемдеуші)**

**Аймақтағы тілшілер:**
**Астана тілшілер қосыны:**
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
(8-702-931-89-86)

**Ақмола облысы:**
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

**Арқалық қаласы:**
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)

**Алматы облысы:**
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)

**Жезқазған қаласы:**
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)

**Қарағанды облысы:**
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

**Қостанай облысы:**
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

**Семей қаласы:**
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)

**Түркістан облысы:**
Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

**Түркістан қаласы:**
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

**Тарату бөлімі:**

**Астанада:**
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)

**Шымкентте:**
Мүтән ИСМАЙЫЛ
(8-701-692-1340)

**Астанада "Алты Алаш" дүңгіршіктерінде сатылады**
(8-701-572-88-47)

**Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976–Г (Алғашқы куәлік №1270–Г, 01. 08. 2000 жыл).**

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте "Қазақпараттың" материалдары пайдаланылды.

Газет "Қазақ үні" компьютер орталығында беттелді

**АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

**Редакцияның мекен-жайы:**
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

**Байланыс телефоны:**
8 (727) 398-57-31

**E-mail: qazaquni2000@gmail. com**
**www. qazaquni. kz**

**Кезекші редактор**
**Гүлмира САДЫҚ**

ТОО "Қазақ үні"
БИН 000540006784
ИИК KZ5085600000000385541
АГФ АО "БанкЦентрКредит"
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды. Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген